


 *Уақыт  
және  
қаламгер*



**Қазыбек НҰРҚАСЫМ**

**ТАСАДА  
ҚАЛҒАН  
ТАРЛАҢДАР**



Нұрқасым ҚАЗЫБЕК

## Тасада қалған тарландар

Танымдық мақалалар



-36276/1 Алматы "Білім" 2003

Имрияшевская БС  
Алматы - Астана

ББК 84 Каз 7-44  
Қ 21

*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат  
және қоғамдық келісім министрлігінің  
бағдарламасы бойынша шығарылды*

**Қазыбек Н.**

Тасада қалған тарландар. Танымдық мақалалар.  
Алматы: “Білім” 2003. – 76 бет.

ISBN 9965-09-148-X

Кітапшаның бұлай аталуының өзіндік себебі де бар. Мәселен, “Шипагерлік баян” сияқты ғылымнамалық еңбектің жұрнағы халықпен бес ғасырдан кейін ғана – қауышып отыр. “Тарих хамса”, (“Бес тарих”) сияқты еңбектің авторы Құрбанғали Халид, арабша-қазақша 108208 сөзді қамтитын сөздік жасап, Құран Кәрімге тәпсір (түсінік) жазған. Сәдуақас Ғылмани мен Құран Кәрімді қазақша шығарып, Монғолия, Қытай және Қазақстан мұсылмандарына тегін таратып жүрген Халифа Алтай, Дәлелхан Жаналтай, тағы басқа кейбірі мүлде атаусыз жүрген алаш арыстары туралы қысқаша сыр шертеді.

Жинақ жоғарғы оқу орындарының студенттері мен жалпы ғылымсүйер жастар сүйсініп оқыр дүние болар деген үміттеміз.

Қ  $\frac{4702250201-021}{412(05)}$  2003

ББК 84 Каз 7-44

ISBN 9965-09-148-X

© Қазыбек Н., 2003  
© “Білім”, 2003

## **“ШИПАГЕРЛІК БАЯННЫҢ” ҚАЗАҚСТАНҒА ТАНЫЛУЫ**

“Түркістан” газеті өзінің алғашқы сандарынан бастап осы бір ғұлама ғалымның еңбегін насихаттап, танытуға хал-қадері жеткенше күш салып келе жатқаны оқушылардың барлығына белгілі болса керек. Мәселен, ең алдымен “500 жыл жарық көрмеген”, деген атпен Шинжаңда осындай бір ғұламаның “Шипагерлік баян” атты ғылымнамалық еңбегінің қолжазбасы табылғандығы жөнінде хабар бердік. Бұдан соң ілешала осы қолжазбаны алғаш оқып, жүйелі пікір айтқандардың бірі, журналист, аудармашы марқұм Әзімхан Тышанұлының Шинжаңда шығатын “Мұра” журналының 1993 жылғы 3-4 санында жарияланған “Байырғы мәдениет көгінен жарқ еткен бір шұғыла” атты көлемді мақаласын нөмерден нөмерге жарияладық. Соған орай редакциямызға жан-жақтан хат та келіп түсе бастады. Соның бірі Қызылорда қаласының тұрғыны Айжарық Сәдібеков. Ол “Түркістанның” осы мақала жарияланған бір санын ала алмай қалғанына өкініш білдіре отырып, хат жазып сұраған еді. (Бұл мақала “Түркістанның” 1994 жылғы 10.15.29 – наурыздағы 5, 6, 8 – сандарында жарияланған).

Бұдан соң жұрттың ықыласын аударған “Шипагерлік баяннан” қолымызда бар үзіндіні

(Шинжаңда шығатын “Дәрігерлік білім” журналының 1991 жылғы 4-санынан алып) жариялай бастадық. Мұнда осы қолжазбаның бұған дейін қалай сақталғаны туралы ең соңғы мұрагері Нұртай Түменбайұлының айтқандары мен әкесі Түменбай Ысанбайұлының өсиетнамасын да, алдына түсінік жаза отырып, берген болатынбыз.

Осы орайда айта кететін бір жайт бар. Ол “Шипагерлік баянын” жазып отырып, адамдардың тұғыр, тұрағына байланысты өзгешелігіне мысал ретінде: “Өзімізді алып айтсам, ата-тегім ұлы жүз, Өтейбойдақ, Тілеуқабылдың ұлымын. Зарман, зарман ішінде – Албан. Мекенім Жетісу. Ауылымда құрбы-құрдас, таныс-білістерім аз емес. Жан анда Жиренше шешен, Жәнібек ханның қарашасымын. Жылым – иртек. 85-ке келдім. Бойым ұзын, қараторы, қоңқақ мұрынды, кең иықты, қап сақалды, ұзын қасты, кем сөзді жанмын” (“Шипагерлік баян” 36-бет), – деп өз суретін өзі сөзбен салып кеткен екен. Мұны өз Жәнібек хан: “Жарайсың, жарайсың қара үзген шипагер, шипагерліктен қара үзіп шыққан Өтейбойдық, Көзің тұр шоқша жайнап. Өнгер (өнер), үлгіңді титтей қалдырмай, жасырып-жаппай, бүкпесіз, толық жазып шық” (“Шипагерлік баян”, 12-бет), – деп толықтырыпты. Міне, осы деректерге сүйене отырып “Түркістан” газетінің төрт-бес санында (1994 жылғы 19, 26-көкектегі, 31-мамырдағы, 12-қазандағы) қатарынан жарияланды да. Сонда газет ұжымы уақыт жағын ойластыра келіп, (“Керім жігіт басына сәлде орайды” деген халық әнінің жолдарын ескере отырып) Өтекеңе сәлдені лайық көрген едік. Дәл осы сөзге сүйене отырып, Шинжаңдық суретші Манат Жанымханұлы сызған Өтекеңнің суреті “Шинжаң ғылым – техника, денсаулық сақтау” баспасынан шыққан “Шипагерлік баянның” алғашқы бетіне беріліпті. Басында Жетісудің осы

күнгі шалдары киетін сусар бөрік. Екі суреттің басты айырмашылығы осы ғана. Біздегі нұсқада сақалы сәл ұзындау. Ал бір адамның сақалы тірі кезінде ұзарып, қысқарып дегендей, сан өзгеріске түсуі әбден мүмкін ғой.

Бұл бірін-бірі білмейтін екі суретші сызған бір суреттің ұқсастығы мен аздаған айырмашылығын тәптіштеп отырған себебім мынада: жоғарыда айтқанымыздай редакциямызға “Шипагерлік баянның” жалғасын сұраған хаттар келіп түсе бастады. Содан соң “Түркістан” газетінің бас редакторы, халық жазушысы Қалтай Мұхамеджанов редакция ұжымымен ақылдаса келіп, мені іс сапармен Шинжаңға жіберіп алу жағын да қарастырды. Бірақ мен кейбір кездейсоқ себептермен бара алмай қалған едім. Алайда “Шинжаң ғылым-техника, денсаулық сақтау” баспасы шығарғалы жатқанын, амандық болса жақын да қолымызға тиетінінен дәмелі едік. Ойланғанымыздай-ақ аталған баспадан шыққан “Шипагерлік баян” көп ұзамай редакция ұжымының қолына тиді. Бұл жөнінде біздің мұқтажымызды дер кезінде өтегісі келген көңігі журналист марқұм Айтан Нүсіпхан қолына тиген алғашқы кітабын бір түнде оқып шығып, шетіне: “Ата-бабамның мына ғажайып мұрасымен танысып шыққан соң, осындай ұлды дүниеге әкелген халқымның ұлылығына енді менде ешқандай шүбә қалған жоқ”, – деп жазып қолма-қол редакция ұжымына табыс етті.

Сонымен “Шипагерлік баян” бес ғасырдан кейін туған топырағына қайтып оралды. Олай дейтініміз “Шипагерлік баян” Әз – Жәнібек ханның жарлығымен жазылыпты. Ал хан ордасының Шуда болғаны тарихтан белгілі. Алайда қазақ жерінің көзір қайсы елде қалған пұшпағы болса да бөле-жаруға келмейді. Оған бүгін сөз етіп отырған

Өтейбойдақ атамыздың ізі дәлел. Ол кісінің өз кезінде: Омбыда, Нұрада, Торғайда, Сыр бойында, қазақ даласының тағы басқа жерлерінде болғаны “Шипагерлік баянында” көрініп тұр. Бүгін сол атамыз Қазақтың кең байтақ даласын кезіп жүріп жиған (жазған) мол мұрасының жұқанасын болса да қолға тигізуге асыққан Шинжаңдағы қазақ зиялыларына, оларға бас-көз болған ел ағалары: Жәнібек Смағұлұлына, Дияр Құрмашұлына, Төлеухан Ыбырайұлына, Тоқтасын Батырханұлына, Әуелхан Қалиұлына, ол туралы алғашқы мақала авторы Әзімхан Тышанұлына және “Шинжаң ғылым-техника, денсаулық сақтау” баспасының ұжымына Қазақстандағы қалың оқырман қауым атынан “Түркістан” газетінің ұжымы да рақмет айтады. Сондай-ақ ортақ қуанышымызға құтты болсын дейміз!

Алайда оқушыларымыздың есіне мына өкінішті жайды да сала кеткеніміз жөн шығар. Түпнұсқаны 1968 жылы “Қызыл қорғаушылар” өртеп жібереді. Содан көзіргі кітап болып қолымызға тигені 1095 беті ғана екен. 3655 беті өртеніп кеткен. Оның үстіне 1952 жылы Түменбай Ыстанбайұлы алтыншы рет көзіргі тілімізге аударып көшіргенде шығармадағы беттерді аударуды қиынсынып, тастап отырған. Әсіресе кітаптың жауапты редакторы Қаби Ыбырайұлы Жуанышевтің: “Әттең, қолжазба 1050 түрлі дәрі, 4577-рецептімен қоса, толық табылар болса, жалғыз қазақ даласы ғана емес, дүние бір сілкініп, медицина ғылымы жайраң қағар еді. Қолжазбаның толық жинағы осындай кітаптан 7 – 8 болар еді”, – дегенін оқығанда ішіміз удай ашыды. Кітаптың әр жерінен жоғалған беттердің санын көргенде де осындай сезімде болдық. Алайда, соның өзінде де бар қазақты қуантарлық асыл мұра екені көрініп тұр.

## ӨТЕЙБОЙДАҚ ТІЛЕУҚАБЫЛҰЛЫ – БАР ҚАЗАҚТЫҢ МАҚТАНЫШЫ

Орыстың Владимир Зотов деген бір оқымыстысы: “Орта ғасырда монғұлдар сияқты тарих ғалымдарын өзіне баураған бір де бір ұлт болған жоқ деп айтуға болады, монғұл ұлты сияқты өмір шындығын шынайы бейнелейтін “Күпия шежіре” сияқты тарихи естелік жазып қалдырған ешбір көшпенді халық та жоқ деп айтуға әбден болады”, – деген екен. Айтса, айтқандай-ақ емес пе еді. Түркі тектес халықтардың бәріне ортақ мұраларымызды малданып көңіл жұбатқанымыз болмаса, “мынау біздікі” дегенде дау туғызбайтын ештеңеміздің болмай келгенінің несін жасырамыз. Орыстар X ғасырдың ескерткіші “Игорь жасағы туралы жырды” ертедегі әдебиетіміздің классикалық үлгісі десе, грузиндер XII ғасырдағы Шота Руставелидің “Жолбарыс терісін жамылған батыр” дастанымен мақтанады. Әрине, бұл жерде қытай мен гректер сияқты елдерді ауызға алып жату артық болар.

Жоғарыда ескерткеніміздей, 1917-жылдың “шапағатына бөленгенше” жаппай сауатсыздық жайлаған надан халық атанып келгенімізге және оған әбден мойынсал болғанымызға – осыған дейін жазып келген тарихшыларымыздың, зерттеушілеріміздің, қалам ұстаған бөріміздің өз шығармаларымыз күә. Қалай қашқанмен, құтыла алмаймыз, қалай ақталғанмен дәлелдей алмаймыз.

Бұдан бізді құтқаратын күш – соңғы кездерді әр жер-әр жерден қадау-қадау табылып жатқан заттай және жазбаша мұраларымыз. Солардың бірі және бірегейі – Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының “Шипагерлік баян” атты кітабының қолжазбасы. Біздің көзіргі тілге аударғанда “Медицина тарихы” деген сөз.



Оқырмандарымызға ең алдымен ескертіп қоятын бір жай – Өтейбойдақ шипагер адам болған.

“Шипагерлік баян” – таза шипагерлік, дәрігерлік саланы баяндауға арналған ғылыми еңбек. Бірақ таза қазақ тілінде жазылған. Мұның Әбу Нәсір Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари немесе Қадырғали би Қосымұлының “Жылнамалар жинағы” сияқты еңбектерден басты айырмашылығы да осы. Екінші жағынан, ешбір зерттеушіге жұмыс қалдырмай, кейінгі ұрпаққа қажет декреттің бәрін өзі қалдырып кеткен. Мәселен, аты – Өтейбойдақ. Тілеуқабылдың ұлы. Ата тегі – ұлы жүз зарман, зарман ішінде албан. Мекені – Жетісу. Ауылында құрбы-құрдас, таныс-білістері аз емес. Жан анда<sup>х</sup>/ Жиренше шешен, Жәнібек ханның қарашысы. Жылы – иіртек<sup>х</sup>. 85-ке келген. Бойы ұзын, қараторы, қоңқақ мұрын, кең иықты, қаба сақалды, ұзын қасты, кем сөзді адам”.

Иіртек – ұлу екен. Сол бойынша есептегенде 1397-жылы туған. “Шипагерлік баянын” Әз Жәнібек ханның жарлығы бойынша 1467-жылы (70 жасында) жаза бастайды. 95-ке келіп қайтыс болыпты. Осы жасының ішінде үйленбепті. Сірә, Өтей атына “бойдақ” деген тіркесінің қосылуы да содан болса керек. Өйткені кіндіктес інісінің аты Толай екен. Өлерінің шағында, “Қол ыласы дәулетке, ылас нiлi сәулетке қызықпай”, ғылымның соңына түскен ғалым тірнектеп жиған мол қазынасын – “Шипагерлік баянын” осы Толайға қалдырады.

Бұдан кейінгі мұрагерлерінің жазып қалдыруына қарағанда, соңғы рет нижраның 1170-жылы, яғни 1792-жылы арғы атасынан сақталып келе жатқан жалғыз данасын бесінші рет мұрагері Бұршақ би көзбе-көз көріп отырып, көшіртіп, теңестіріп (салыстырып) болған соң, әр бетін бірден өртеп отырады. Бұдан соң ата жолы бойынша ең соңғы

мұрагері Нұртайдың әкесі Түменбай Ыстанбайұлы осыдан шамамен 40-50 жыл бұрын көшірткен. Содан соң ендігі жерде “балама түсініксіз болады-ау” деген кейбір сөздерге түсінік берген. Қолжазбаның кәзіргі бізге жеткен нұсқасы осы.

Бұл асыл мұраны Нұртай Түменбайұлы баспа орындарына 1990-жылдары тапсырса керек. Содан бері бірқатар сыннан өткенге ұқсайды. Ақыры ғылымнамалық (энциклопедиялық) мәнге ие, бар қазақтың мақтан етуіне тұрарлық ұлы дүние екені анықталған. Бұған осы қолжазбаның ең алғашқы оқушыларының бірі шинжаңдық журналист, аудармашы марқұм Әзімхан Тышанұлының өмірінің соңында жазған “Байырғы мәдениет көгінен жарқ еткен бір шұғыла” атты мақаласын оқыған адамның көзі әбден жетеді.

Аталған мақаладағы қолжазбаның өзінен келтірілген деректерге сүйенсек, “Шипагерлік баян” – жеті кітаптан тұратын үлкен еңбек. Бұл жөнінен Әзімхан Тышанұлы өз мақаласында: “Шынына келгенде, өз алдына толық медициналық ғылыми жүйесі, өз алдына толық ғылыми атауы, өз алдына бір төбе толық дәрітану ғылымы бар, қазақ шипагерлік білімінің үш шың, алты белесі деп аталатын, медицина салаларының баршасын қамтитын дәу ғылыми еңбекті талдау арқылы түсіндіру мүмкін емес”, – дей келіп, адам денесінен шығатын тердің өзін 9 түрге бөлгенін мысалға келтіреді.

Ол ол ма, “Шипагерлік баянда” жасалу жолдары мен қолданылуы анықталған дәрілердің ұзын саны 1384 екен. Мұның жетпіс неше түрі металл-металлойдтан, 859 түрі өсімдіктен, 455 түрі жан-жануардан алыныпты. Кәзіргі медицина ғылымының тарихында шешекке қарсы егуді алғаш тапқан ғалым ағылшын Эдуард Женнер көрінеді. Ол тұңғыш рет 1796-жылы шешекке қарсы вакцина

еккен делінеді екен. Ал Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы шешекке қарсы вакцина егуді бұдан 350 жыл бұрын қолданыпты.

Ендеше: “Содан бері қайда жүріпті бұл жаналық ел арасына тарап кетпей?” – дейтіндер де шығуы мүмкін. Енді сол туралы аз аялдай кетейік. Өтейбойдақ ауырып қалған өзінің жан досы Жиренше шешенді емдеп жазып, бұдан кейін не істеу керек екені жөніндегі тапсырмаларын беріп, аттанғалы жатқанда Өз Жәнібек ханнан Жиренше шешенге тақай шақырғыш жасауылы келіп, хан шақырып жатқанын айтады. Осы жолы Жиренше досы Өтейбойдақты ханға ерте кетеді. Барған соң әр түрлі әңгіме қозғалады. Сөз арасында Өз Жәнібек хан Жиренше шешеннен: “Осы бізде қара озған шипагер бар ма?” – деп сұрап қалады. Ол алдында отырған Өтейбойдақ Тілеуқабылұлын көрсетеді. Хан әлдененше сұрау қояды. Шипагер мүдірмей жауап береді. Осы әңгіме үстінде қанның уылуы туралы сөз қозғалып қалады. Шипагер осыған байланысты жақын туыстар қыз алысқан жағдайда ұрпақтың азатындығын дәлелдейді. Бұған әбден иланған хан сол жердің өзінде-ақ: “Күллі Алаш ұранлы қазақ қараша бұқаралардың өздерінің және ұрпағының мінсіз болмағы шарты үшін...жеті атаға толмай қыз алысқандар бүгіннен бастап болмауы шарт” деген жарлығын жаздырып, “Алтын мөрін басып, қолма-қол шабарман аттандырып, жарлықты атқаруға уәзір жарнаманы бұйырады” (қолжазба, 54-бет). Содан соң хан: “Үлгінді титтей де қалдырмай, жасырып-жаппай, бүкпесіз, толық, ашық жазып шық. Болған соң ордаға келіп, жеке өзіме оқып бер. Қазынада сақтатамын. Қасырқағана (қосқан есе) қарай сыйынды алып, мәртебенді иелейсің”, – дейді де, уәзірлеріне дереу орындауды бұйырады (қолжазба, 56-бет). Сөйтіп, “Ордадан оңаша сыйласырдан (қонақ үйден) жайлы орын

бергесін, мысыма тоқтағандарым мен қайта еске (естелікке) жазғандарымды, ойға жиғандарымды жазуға кірістім” (қолжазба, 56-бет). “Жетпіс жылдық өмірімдегі төл көшірме, көшіргіліктік ая бойынша жазып отырмын” (қолжазба, 951-бет). “Бітіріп болып, дәтімді жазып, ертең ұсынамын дегенде, қуанышым өте ерте болған екен. Сол түні ғақбытлы хан Темір ойда жоқта қандаш қырғы бастады да, хан Жәнібек жан жаһаннам тұлға қандығыр болды. Мен дестірді (кітап) көтере босқындармен бірге Ақ Ордадан қашып, өрен құтылып, “есі бар ел табар” деп, туған мекеніме тарттым (қолжазба, 57-бет). Демек, 1467-жылы бастап жазған ғалым 1475-жылы “Шипагерлік баянның” алғашқы нұсқасын бітіріп, ханға тапсырмақ болған күні әлгіндей кедергіге тап болған. Сөйтіп, қолжазба тақыр мекенің ішіне түскен де қала берген. Тек қана Өтейбойдақтың кіндіктес інісі Топайдан тараған ұрпақтың бірінен екіншісіне ауысып отырған. Толық емес дерек бойынша (соңғы мұрагерлерінің бірі Түменбай Ыстанбайұлының жазып қалдыруына қарағанда), әуелі Райымбек, одан соң Шыбыл, Қоңырбөрік, Тама, Бұршақ би...Ыстанбай, Нұртайлар арқылы бүгінге жеткен. Бұлар, керек десеңіз, әйелдер мен қыз балаларына да көрсетпеген. Тек осы мұраға лайық саналған сенімді ұрпақтың ғана қолына өтіп отырған.

Біздің айтып отырғанымыз қолжазбаны алғаш оқып шығып, исі қазақтан сүйінші сұрау үшін жазылған шағын мақалада ғана келтірілген кейбір сілтемелер төңірегіндегі хабар ғана. Соның өзінен-ақ әлге дейін аңыздың кейіпкері саналып жүрген Жиренше шешеннің кім екенін анықтадық. Өз Жәнібектің қашан өлгенін және кім өлтіргенін білдік. Алаш, қазақ атауларының шығу тегіне, тарих тереңіне меңзейтін қыруар деректер, қисындар таптық. Осының өзінен-ақ “Шипагерлік баянда”

тілімізге, тарихымызға, этнографиямызға, ғылымның тағы басқа салаларына байланысты қаншама қазына жатқандығын аңғару қиын емес сияқты.

Әрине, мұндай шоқтығы биік ғұлама ғалым осыдан табаны күректей 5 ғасыр бұрын алды-арты тастай қараңғы надан қазақтардың арасынан жалғыз шығыпты дегенге есі дұрыс пенде сене қоймас. Шынында да солай. Ол бұрынғы ұлы жерлестерді Әл Фараби, Жүсіп Баласағұн сияқты данышпандардың еңбектерімен толық таныс болған. Өз тұсында да дәл өзі секілді қара үзген шипагер, бүгінгі тілмен айтқанда, медицина ғылымының докторы, академик дәрігерлер көп болмағанымен, бар екенін: “Ат жалын тартып міне сала-ақ, сырқат біткенге шипа ем дарымын тауып, науқасты жазсам деген жүрегіме ұялаған арман жетегімен ізде-ізде кезбе жер (іздене-іздене кезбеген жерім жоқ). Бұл жолда шоқтығы бұланайдай биік төтенше ұлы ұлағаттылармен де, саптаяққа жұққан сүт нiлiндей таумер тәутіктермен де, бiр жол бiр iз ас iшкеш болдым...Қол ыласы дәулетке, ылас нiлi сәулетке қызықпадым” (қолжазба, 17-бет), — дегенінен анық аңғаруға болады. Керек болса, әкесі де дәрігер екен. Ол туралы: “Әкем жеті мен қырық бір шөптің басын шарт етуші еді. Мен бұған алғаш нансам да, өз кешірімелік аям бұған сендірмейтін болып, нандырымын жойды... Сондықтан өмірімнің осы дәстiрге (кiтапқа) арналғанға дейiнгi аралығында осы тылсымдарға нақтап көз жiбермекке бекiндiм. Бұ дүниенің қызығын мүлде ұмыттым. Алдымен өзім ішіп, өзім жеп, шипа ем дарым заруатынан талай уландым. Ақыры көптеген дарым заруаттарының ішінде, әкем айтқандай, олпы-солпы, жағдай емес, не қилы кереметтердің бәрін аяндадым” (қолжазба, 2031-бет), — дейді ғалым. Бірақ әке деңгейінде қалып қоймай, бүкіл

қазақ халқының мәңгілік мақтанышына айналарлық дәрежеге көтерілген.

Бұлай деуімізге толық негіз бар. Біріншіден, “Шипагерлік баян” – ғылымнамалық мөнге ие, толыққанды медициналық ғылыми еңбек. Екіншіден, осыдан 500 жыл бұрын таза қазақ тілінде жазылған дүние. Үшіншіден, туындыгерінің кім екені, қай дәуірде өмір сүргені, қайда туып, қанша жасағаны дау туғызбайды. Қысқасы, бұл жағы соқырға таяқ ұстатқандай айқын. Төртіншіден, қолжазбаның кімнің тапсырмасымен, қалай жазылғаны, әуелі кімнің қолына өткені, одан кейін кімге, қысқасы, соңғы мұрагері Нұртайға дейін ап-айқын. Әуелі әкесі Тілеуқабылдың деңгейінде қалып қоймай, бұл ғылымды әлемдік озық деңгейге қалай көтергеніне дейінгі өсу жолы “Шипагерлік баянның” өн бойында сайрап жатыр. Бізді мұндай қорытындыға “Шипагерлік баян” туралы жазылған Әзімхан Тышанұлының “Байырғы мәдениет көгінен жарқ еткен бір шұғыла” атты жүрек жарды қуанышқа толы мақаласы мен ондағы сілтемелер-ақ келтіріп отыр. Оған қоса, “Шипагерлік баянның” кітап болып қолымызға тиген үзінділерін айтар едім. Бесіншіден, “Шипагерлік баянның” өз саласы бойынша ғылымға қосар жаңалығын былай қойғанда, тілімізге, әсіресе тарихымызға қосар жаңалығы да аз емес. Мұны Әзімхан Тышанұлының шағын мақаласындағы ұшан теңіз қолжазбадан үзіп-жұлып алған сілтемелерінің өзі-ақ аңғартып тұр. Демек, қолжазбаны толық оқып шыққан Әзімхан марқұмның: “Шипагерлік баян” – әрі ұлы медициналық еңбек, әрі ғылымнама, тек шипагерлік жағынан ғана емес, ол халқымыздың тіл, мәдениет, тарих, пәлсәпа, психология, астрономия, этнография, жағрапия, этика, тағы басқа жақтарынан да қыруар ғылыми мәліметтерді берді”, – деген бағасына толық сенуге болады.

Болатыны – біз осы “Шипагерлік баян” арқылы күні бүгінге дейін әдебиетімізде аңыздың кейіпкері болып келген Жиренше шешеннің шын болған адам екенін, кәдімгі Әз Жәнібек ханның андасы екенін білдік. Бақсақ иегіміздің астындағыны көре алмай жүрген өзіміз сияқтымыз. Олай дейтінім, өткен бір жылдары “Түркістан” газетінде бірге жұмыс істеген Тынышбек Дайрабаев: “Қарасақал Ерімбет деген кісінің шежіресі екен, оқып берші!” – деп өтінген еді. Соны оқып отырып: “Шеркеш пен чешеннің тұқымы қызылбастан қашып, Дағыстан өтіп кетіп, бұл күнде орыс ішіндегі казак болып жүргендер сол шеркештер мен чешен тұқымдары екен. Әж Тархан қаласын салдырған Әз Жәнібек хан, қасындағы Жиренше деген адам да сол чешеннің баласы екен”, – деген сөйлемді кездестірдім. Көріп отырғанымыздай екі қиырдан табылған екі деректің тамыры бір.

Ендігі мәселе – осы ұлы еңбектің тезірек халық игілігіне айналып, ісі қазақтың лайықты мақтанышы болуында. Сөзіміздің басында келтірілген шет жұрт оқымыстыларының біздің халық туралы жаңсақ бағаларының жоққа шығарылуында.

## ҚАЗАННАН ТАРАП, ҚАЗАҚҚА ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН

### Құрманғали Халид және оның айналасы туралы азғантай дерек

Құрманғали Халидұлының немере келіні Райхана Мұхамеджанқызын Қабдеш Жұмаділовтың “Соңғы көш”, романындағы ең жілікті кейіпкерлердің бірі Басбай байдың әулеті Балқаш Бапинның үйінде кездестірдік. Жасы жетпістің үшеу-төртеуіне келсе де, өзін әлі ширақ ұстайтын Райхана апай Құрманғали Халидұлының отбасынан шыққанын мәртебе тұтады екен. Егер біз Құрманғали Халидтың кім екенін білсек, Райхана апайдың қылығының өзіне жарасымды екенін сезінер едік.

Ал енді сол Құрманғали Хаидұлы туралы қысқаша аялдайық. Райхананың қолындағы ешкім куәландырып, мөрін басып, қолын қоймаған Құрманғали Халидұлы жөніндегі анықтамаға (справкаға) сенсек, шыққан тегі Қазан татары. Ол 1846 жылы 1-қарашада Аякөзде дүниеге келген. Әуелі осындағы бастауыш мектепте оқып, соңынан Семейдің діни медресесін бітірген. 1874 жылы Шәуешек қаласындағы Көк мешітке имам сайланып, 1913 жылы наурыз айында сол қалада қайтыс болған. “Шора” журналының 1913 жылғы 6-санында хазанама бар.

Аты белгісіз, ескірген журналдың бетіндегі Құрманғали қажы жөнінде жазылған бір хабарға сүйенсек, онда ол 1850 жылы туған. Бұл деректі



Аяқозде тұратын Құрбанғалидың баласы 68 жастағы Рамазан ақсақал берген. Қалған деректерде бөлендей айырмашылық жоқ. Бірақ “Тауарих хамса” (“Бес тарих”) Кітабының 1992 жылы “Қазақстан” баспасынан шыққан қазақша нұсқасының алғысөзінде 1843 жылдары дүниеге келген болады” деп жорамалдайды.

Құрбанғали қажының үш әйелі болыпты. Бөйбішесі татар қызы екен. Атын ұмытыпты. Бұл әйелінен Хафиз қари, Ғабдүлнәсір деген ұлдары, Хабижамал атты қызы болыпты. Екінші әйелі ұйғыр. Тұрфаннан алған. Аты – Тоқтыхан. Бұдан қызы – Таһибаны, ұлы – Сабыржанды көрген. Үшінші әйелі қазақ екен. Ол кісі өз ортасында Қанша апа аталып кетіпті. Әлгі Рамазан ақсақал осы әйелден туыпты.

Құрбанғали медресіде оқып діни білім алып қана қоймай, астрономия мен тарихқа ден қояды. Араб, парсы, маңғұл, қытай және күллі түркі тілдерін жақсы біледі. Сөйтіп, қазақ, татар, маңғұл, ұйғыр және қытай халықтары тарихы туралы деректерді жинақтап, жаза бастайды.

1897 жылы 15 ақпан күні қажыға аттанады. “Мен қажыға кетпей тұрып “Тарихи жарыдда” атты бір кітап жазып, Төмендік (Тюмень) қажы Ниғматулла дегенге аманат етіп кеттім. Оны Қазаңдық Шамсиддин баспадан шығарыпты”, – деп жазады “Бес тарихта” (200-бет). Сонда бұл кітап 1898 жылы жарық көрген болады. Ал жоғарыда аталған анықтамада 1888 деп көрсетіп, жақша ішіне сұрау белгісін қойған. Демек күмәнді деген сөз. Ал “Тауарих хамса” Қазан қаласындағы “Өрнек” баспасынан 1910 жылы жарық көрген. 798 бет. “Ферғана хандарының баяны”, “Алты қаланың ақуалы”, “Қазақ баяны”, “Қазақтың бабалары”, “Қалмақ маңғұл баяны”, “Ресейдің Шығыс Түркістанға аяқ басуы”, “Қарақаралы дуаны

туралы”, “Манғұл-татар басталуынан соңына дейінгі тарихы”, “Манғұл, қалмақ түсінігі”, “Шын және Қытай хандары”, аталатын он тараудан тұрады. Кітаптың ең толық жазылған тарауы – “Қазақ тарихы”. Содан соң басқа тараулардың да сонын қазаққа бұрып отырады.

Құрбанғали Халидттың тағы бір ерекшелігі көбіне өзі көзімен көріп, әбден қаныққан мәселесін ғана (әрине, білім-қабілетінің жетісінше) қағазға түсіруге талпынған. Ал шетел саяхатшылары мен тарихшыларының жазғандарына: “Басқа халықтардың өкілдері әкімшілік атынан арнайы қаражат бөлдіріп, тау-тас кезіп, ескі жазуларды тексеріп, білетін, естіген адамдармен ұшырасып, жазып алумен болады. Өздерін осы жұмысты орындауда көп қиналған сияқты көрсетіп, қазынадан ақшаны үстеме алуға тырысады. Жазғанымен көбін жанынан қосып жібереді...”

Біздің бишара тарихшыларымыз, бар тауқыметін өзі көріп, шығынын өзі тартып, көмекті былай қойып, қастандықтан аман болуы қиын. Біздің ахун, қазіретіміз мемлекетімізде көрілмеген кітап пен тарих жазып қалдырғанымен, оларға мақтау айта қоятын ешкім жоқ, көре алмай жамандап жүргендер бар...

... Шетел тарихшылары мен саяхатшылары барған жерінен бірер күн, яки аптада халық аузынан естігендерін жинау әдеттері бар, осы қысқа мерзімде бәрін біліп, жазып, тез бітіріп кеткісі келеді. Ал біздің бұл жақтың адамдары елдің сырын өзгеге ашқысы келмейді”, – дейді. (238-239 беттер). Тарихшы ғалымның осыдан бір ғасыр бұрын айтылған бұл өкпесі бүгін де дәл сол қалпы мәнін жоймаған сияқты. Қайта тіпті асқынып бара жатқан сыңайлы. Өйткені біз өз тарихымыздан сабақ алмаған, “Бес тарих” сияқты кітаптың бар екенін самайына ақ кіргенше білмей өткен, уыздығы

—36276(1)

жарымаған жетім қозы секілді ұрпақтың өкіліміз. Олайы, онда жазылған, біз бала жасымыздан біліп өсуге тиіс, кейбір қарапайым деректерге қолымыз енді-енді ғана жетіп отыр. Мәселен, анау бір жылдары Жетісуға жататын жеті өзеннің аты туралы әртүрлі пікір айтылып жүрген кезде ешкім де “Бес тарихта”, Іле, Қаратал, Басқан, Ақсу, Сарқан, Лепсі және Аягөз (157-бет) деп жазылғанын айта алған жоқ еді. Міне, осы тектес қазақ даласындағы сонау Шығыс түркістандағы тарихи орындардың, көне қалалардың, жер-судың, өзен-көлдің, тау-тастың байырғы атауларын іздеп табуға да бұл кітаптың ұланғайыр көмегі тиері даусыз.

Біз тарихтан жердің айналуын Николай Коперник ашқан деп білеміз. Ал бұл мәселе имам Фарх Розидың “Тәфсир кәбир” деген кітабында бұдан төрт жүз жыл бұрын жазылыпты. “Бес тарихта” осы тектес оқыс деректер де кездесіп отырады екен.

Астрономияға байланысты қазақ өміріне сәйкес зерттеулері қысқа болса да нұсқа. Айталық біз әлге дейін “Сәуірді” ай аты деп жармасып жүрміз. Егер өз тарихымыздан сауатымыз болса, оның ай аты емес, жұлдыз аты екенін мойындаған болар едік. Өйткені сәуір мен худ жұлдыздары туралы “Бес тарихта” анық жазылып, талдау жасалған.

Тарихшы қазақ халқының кітап көрмей, оқып, жазбай-ақ естіген сөздерін ұмытпай, ұрпақтан ұрпаққа ауызша жеткізетін қасиетін өте жоғары бағалайды. “Олардың сөздерін өздерінше аударып-төңкермей сол күйі тыңдап алу керек. Тыңдап отырғаныңызда анда-санда “е” деп қоймасаңыз, мақсатқа жете алмайсыз. Олай етпесеңіз менің сөзімді көңіл қойып тыңдап отырған жоқ деп, біразын алып қалады”, - дейді /90-бет/. Осылайша қазаққа оның сөзіне, сөйлеу мәнеріне, салт-дәстүріне баса мән берген ғалым қазақ тарихының

нақты шындығын кейде сөз төркінінен іздестіріп отырады. Айталық “Қазақ” атауының шығуы туралы бұған дейін белгілі аңыздардың көбін Құрбанғали қажы да біледі екен. Солардың ішінде қисынға келтіре, сендіре талдайтын сөздері де баршылық. Мәселен, “Қазақ” - “Қази-ақ” деген сөзден шыққаны туралы деректі келтіре отырып: “...әмірді қабыл алып Еділ, Жайық, Ысіл, Нұра, Жем, Арал ортасында көшіп-қонып жүріп, хан жарлығына сәйкес бітірген істерін, ахуалдарын айтып, есебін тапсырып тұрды. Хан жанындағы ғұлама, қазиларынан: “Осы істері қалай, дұрыс па?” - деп сұрағанда, бар істі дұрыс атқаратынын айтады. Ешқандай қағаз жазбай, кітап көрмей-ақ осынша істі дұрыс тындырып жатыр дегенге қайран қалып, таңғалған хан: “Бұларға ешқандай мүфтидің керегі жоқ, өздері Қази-ақ екен”, - десе керек. Мақтағанда “ақ” сөзін қосу қазақ әдетінде бар. Мысалы кісі-ақ, жақсы-ақ, адам-ақ, азамат-ақ деп жатады. Ендеше осы қисын көкейге қонымды секілді.

Әрине, бұл зерттеушілердің мәселесі. Біздің айтпағымыз мүлде бөтен. Ол Райхана апайдың өзін осындай хан түскен қара шаңырақтың әулеті (мұрагері) ретінде сезініп, оның кітаптарының түп нұсқаларымен қоса, Құрбанғали Халидтың ата тегі жазылған тілдей ескі қағазды сақтап жүруі /ұлы да емес, келіні бола тұрып/ еді...

### ОСЫ ЖҰРТ ҒЫЛМАНИДЫ БІЛЕ МЕ ЕКЕН?

Жаңылмасам 1967 жылдың қоңыр күзі болу керек, Вишневая көшесі 56 үйде тұратын туысым Сейділ Ыстыбаевтың үйіне келдім. ҚазГУ-дің тіл-әдебиет факультетінің соңғы курсында оқитын студент едім. Шет тілі ретінде араб тілін оқитынбыз. Маған дәл осы сабақтан берілген тапсырма ауыр тиіп, үйде шоқақтап отыра алмадым. Содан соң үй иесіне себебімді айтып едім: “Сол да сөз боп па, мына менің көршім үлкен молла адам. Қазақстан мұсылмандарының қазисы. Астанадағы орталық мешітті осы кісі басқарады. Арабшанды шемішкеше шағады. Кітабың қолыңда екен ғой, көзің-ақ аудартып аламыз”, деді. Мен ішімнен Сейділ сөз өсіріп айтып отырған шығар деп ойлады. Бірақ кіріп сәлемдесуге келістім. Сөйтіп екеуміз Садуақас Ғылманидың (Ғылманұлы) үйіне келдік.

Жасы сексенге таяп қалған, дөңгелек сақалды, атжақтылау, үлкен көзді, кең маңдайлы, қыр мұрынды кісі екен. Жас кезінде сұлу жігіт болғаны көрініп тұрды. Бәрінен бұрын, кішіпейіл екен, жылы амандасып, ескі танысындай әңгімелесті. Сөзден соң біз келген жұмысымызды айттық. Ол кісі кітаптың біз көрсеткен бетін ашты да: “Ал, қағаз-қаламыңды алып, жаза ғой, балам”, деді. Сондағы аударып берген сөздері әлі есімде. Біріншісі: “Ауырмай тұрып дәрігерге қарал”, екіншісі: “Жақсы көрген көз соқыр”, - деген араб

мақалы екен. Үшіншісі: біреудің ғұламаға қойған: “Бидай мен жүзім-адал. Ал осы екеуінен жасалған шарап пен арақ неге арам?” - деген сұрауы болды.

Ғұлама сұрау қоюшыға қарсы сұрау беріп, өзара сұхбаттасып отырып жауап қайтарады екен. Мазмұнын қысқаша алғанда, адамды ақыл - есінен адастырып, денсаулығына зиян келтіретіндігі үшін арам деп түйеді.

Арабшаны көз алдымда осынша жетік білетіндігін көрсетіп отырған соң, қашан, қайда, қалай үйренгені туралы сұрадым. Айтуынша ауыл молдаларынан ұзап оқымаған. Өздігінен үйренген. Сонысын дәлелдеу үшін маған өзі жасаған арабша-қазақша сөздігін көрсетті. Көлемі класс журналындай, қалыңдығы бір, бір жарым елідей 28 кітап екен. Арабшасын харакалар қойып отырып, қадімше жазған. Қазақшасы жәдитше жазылған. Ары-бері аударып көріп едім, сөздік сөз іздеуге өте қолайлы болып көрінді. Өйткені, сол кезде бізде мұндай арабша-қазақша сөздік атымен жоқ болатын. Сирек те болса, арабша-орысша сөздіктер бар еді, бірақ олардан керек сөзінді іздеп табу аса қиын шаруа еді. Өтірігім болса, сол тұста Мәрзия Мәженовадан оқыған сабақтастарым айта жатар - сөздіктен сөз іздеген кезде, орман ішінде адасып қалғандай шуласатынбыз. Бірнеше сөзді құдай сәтін салып қиналмай тапсақ, жерден жеті қоян тапқандай қуанатын едік. Мен өз ішімнен студенттерді осы қиыншылықтан құтқаратын жолды таптым деп қуандым.

Ертеңінде бас почтаның алдындағы бұрынғы университет үйінің астыңғы қабатында аудиториялардың бірінде академик С. Кеңесбаев “жалпы тіл білімі” туралы лекция оқи қалды. Шын мәнінде әңгіме өткізді. Мен сол еркін әңгіменің үстінде осындай да осындай керемет көргенімді айтып, ұстазымды қуантып, сабақтастарымды

арабша сөздікке кенелткім келіп, көрген-білгенімді лекіте жеткіздім. Бірақ ұстазым менің жаңалығымға бөлендей елең ете қоймады. Бар айтқанда: “Білем, білем, ол кісіні білем! Ғалым адам. Бірақ діни адам ғой!” - деп ыңыранды. “Өзі діни болғанмен сөздігі ғылыми ғой”, - деп мен мінгірледім. Садуақас Ғылмани деген ғалым туралы “мен ашқан жаңалық” осымен аяқталған болатын.

Міне, содан бері қилы-қилы заман болды, уақыт сырғып өтіп жатты. Бірақ, ол кісі есіме түскен сайын: “Япырай, мұралары кімнің қолында қалды екен! Шіркін, сол сөздіктерді қайта бір қарап көрер ме еді!”—деп армандап жүретінмін. Кейде сөз орайы келгенде ол кісі туралы аздап білгендерімді айтып, сұрау салып та қоюшы едім. Сөйтсем, кіші қызым Әмина мен оның күйеуі Дәулен Исмағамбетов өзмің көп жылдық көршім Мұхаммед Мезгілбаевтың (қазақ радиосы мен теледидарының бас редакторы) жақын танысы болып шықты. Көктен іздегенім жерден табылған соң, кешікпей ат басын сонда тіредім. Ендігі әңгіме С.Ғылманидың қысқаша өмірбаяны мен еңбектері туралы.

Садуақас Ғылмани 1890 жылы Ақмола облысына қарасты Ерейментау ауылында, Малтабар деген жерде, ұсақ қолөнершінің отбасында дүниеге келген. Бабасы Сәлмен ескі заманның болыстық имамы болыпты. Өз әкесі Ғылман зергер адам екен. Туған анасы Ұрқия 1901 жылы қайтыс болып, он бір жасында жетім қалады. Содан соң Садуақасты әуелі ел арасындағы ұсақ молладан оқытып, хат танытады. 1907 жылы Ахмед Ғұсманұлы медресе ашып, бала оқытады. Садуақасты осы медресеге шәкірттікке береді.

Бұл ұстазын жүрт “төлеңгіт Ақтамақ Халфе” деп атайды екен. Олай аталу себебі туралы Садуақас Ғылмани өз өмірбаянында: “Уызы аузынан шыққандай аққұба, тығыршық денелі, дөңгелек

жүзді, қара көз, бұғағы сәл шығыңқы, адам қарап тоймайтындай, әлі әйел алмаған, жиырма жеті жастағы адам екен”, - деп жазады. Ол Ғылманнан: “Сіз балаңызды ұзақ оқытпақсыз ба? Болмаса, толық дін ғибадатын білгізіп, оқудан босатып алмақсыз ба? Егер ұзақ оқытатын болсаңыз онда мен балаңызды “Сарф нахудан” бастап оқытамын. Ол ғылымдар шеңберлердің балта-шоты сияқты, мұны білген адам басқа ғылымдарды өздері түсініп оқып кете береді, қысқа оқытсаңыз “Ихтифад ғибадат ахлақ” ғылымдарын оқыту керек”, - депті. Әкесі: “Сіз оқып болды деп рұқсат қылмайынша, оқудан үзбеймін”, - деп уәде етеді.

Ақтамақ Халфе тегі төленгіт екен. Бұл - төренің маңына жиналған басқаларға берілген ат. Мәнісі: - төрені күт деген сөз. Ұстазының өз айтуы бойынша: “Біз қалмақтың, Жайсаңның баласы боламыз”, - дейді екен. Әкесі көп балалы, кедей шаруа болады. Баласын ұзатып оқыта алмайды. Сөйтіп жүргенде Қызылжарға оқуға бара жатқан балаларға өз бетімен ілесіп кетеді. Сол беті 5-6 жыл оқып, елге заманынан жоғары оқыған білімді адамы болып оралады. Ақмолада Ғабдолла әзірет Фазилдиновтен моллалықтың шегі деп саналған “Хатым фатикасын” алады. 25 жасында атасының орнына бедел қажы болады. Міне, осы Ақтамақ Халфе Тойғанкөл деген жердегі қыстауынан 5-6 шақырым жерде медресе салдырып, 150-200 бала шамасында шәкірт оқытады. Садуақас Ғылмани осы медреседе алты жарым жыл оқып, ұстазының батасын алып шығады.

Бұдан соң ол (Садуақас Ғылмани) Нұртаза Указдың шақыруы бойынша Сілеті еліндегі медресеге келіп орналасады. Содан 1916 жылғы Ақ патшаның “июнь жарлығы” шыққанға дейін осы медреседе бала оқытып, бірталай шәкірт дайындайды. “Июнь жарлығы” кезінде он тоғыз



бен отыз бірдің арасынан кара жұмысқа беру жөнінде халыққа насихат айтуға өз елінің болысы Олжабай Нұралин Ақтамақ халфені де ала шығады. Садуақас Ғылмани елінің болысы Әлкей Бәйменов деген екен. Бірақ халқы Ақтамақ халфені екі болыстан бөліп әкетіп, орталарынан шығармай қояды. Нәтижеде: “Сен көпшілікке қосылып кеттің!” - деп халфені Жағанның Жағыпары ұрып-соғып масқаралайды. Осындай аласапыраннан кейін өз ауылына оралады.

Ауылына келген соң да қарап жатпайды. Халықтан көмек алып, медресе ашады. Сөйтіп тағы да үш-төрт жыл бала оқытады. Есейген шәкірт Әбілғазы Майыров (Мәшһүр Жүсіптің немере інісі), Бекболат Марқамалиден, Нұрым Дайырұлы, Ғалымжан Мұхат (Мұхамеджан Моллаұлы, Айтмағамбет Әбенұлы) сияқты шәкірттер өте жақсы оқиды.

Өстіп жүрген кезінде әйелі мен өгей шешесі шығыспағандықтан әкесі отаулап, бөліп шығарады. Бұдан соң Нияз Сейполла деген кісі ауылына көшіріп әкетеді. Мұнда барған соң Тұрғынбай деген шалдың жер төлесінде бір жыл бала оқытады. Келесі жылы бір болысқа қарасты үш аулнайдың молдасы болады. Арасында мектеп шәкірттеріне діннен сабақ береді. Бірақ мұның мұғалімдік жұмысқа араласуын ел ақсақалдары жаратпайды. Сол себепті мұғалімдіктен бір жола босанып, ауылына қайтып келеді. Бұрынғы кішкентай мешіт үйін қайта жөндеп, бір жағынан жамағатқа жұма намаз оқытып, екінші жағынан шәкірттерге діни дәріс береді. Ақыры 1929 жылы басталған сан түрлі саяси науқанның құйынына ұшырайды. От басының тоз-тозы шығады. (Хахмад деген баласы Ұлы Отан соғысынан оралмайды. Соңында екі қыз - Момина мен Әмина қалды. Біз сөз еткелі отырған еңбектері осы Әминаның қолында сақтаулы).

1934 жылы Омбы облысы, Любин ауданы, “Жана жол” колхозына барып, бас сауғалайды. Бұл - кілең өзі секілді келімсектерден құралған колхоз екен. Жұмаділ Иса баласы деген адам осындайлардың басын құрап, жер алыпты. Мұнда жүргенде ол елінен справка алдырудың мүмкіндігі болмағандықтан Әбдікәрім Мүсілімұлы дегеннің паспортын пайдаланады. Сөйтіп осы колхозда 1946 жылға дейін діңкеге тиетін қара жұмыспен шұғылданады. Бригадирлердің айтқанына көніп, атқанына жығылып күн кешеді.

Осы тұста Ақмолада діни ұйым құрылып, имам сайлауға рұқсат етіледі. Соны пайдаланған нағашысы дереу шақырып алып, имам сайлатады. Алматыдан келген қазі Шәмсидинов Ғабдулғаппар тіркеуден өткізіп, болашақ жұмысына жөн сілтейді. Ташкенге барып тіркетіп, шағғадатнама /қуәлік/ алуды тапсырады. Соның арқасында Ташкенге барып, діни бастықтармен танысып, көп мағлұмат алып қайтады.

1951 жылы бүкіл Совет еліндегі түрлі дін иелерінің бас қосқан құрылтайы өтеді. Патриарх Алексийдің басшылығымен Загорскийде өткен осы құрылтайға Қазақстаннан өкіл болып қатысады. 1953 жылы Қазақстан республикасы бойынша қазі сайланады. Осы жылы қажылыққа бару үшін берген /1949 жылы/ арызы қабылданады, Меккеге сапар шегеді. Сөйтіп қажылық міндетін өтеп қайтады.

Біз бұл жерде оқырмандарымызға Садуақас Ғылманидің кім екенін қысқаша таныстыру мақсатымен 1967 жылы өз қолымен жазып қалдырған өмірбаянының кей тұстарын ықшамдап ұсынып отырмыз. Өйткені бұл ұзақ жасап, көп қиыншылық көріп қана қоймай, артына мол мұра қалдырып кеткен адам. Ең алдымен адал еңбектің иесі, ғұлама ғалым. Шын мәніндегі ислам дінінің қорғаушысы (Кейбіреулер секілді кешегі коммунист,

бүгінгі молла емес). Атеистер дәуірлеп тұрған сонау 1970 жылдарда-ақ оларға қарсы: “Құран туралы жала мен өтіріктер” атты кітап жазып бітірген. Амал не, сол еңбегі күні бүгінге дейін шаң басқан архивінде ғана сақталып келеді. Менің ойымша бұл “Иман” газетінің төл материалы. Егер осы кітапты рет-ретімен мақалаға айналдырып жариялап отырған болсақ, қазақтың ежелден-ақ дінінен ажырамай келе жатқан мұсылман халық екенін дәлелдеген болар едік. Сонда ғана қазақ халқына “Алланың жаңа сәлемін” жеткізіп, пайғамбар болғысы келіп жүрген Ақбекет секілділердің аузына құм құйылар еді. Коммунистік қызыл идея қырына алып отырған кезде де ислам діні үшін күрескен күрескерлеріміздің болғанына көздері жетер еді. Және оның жай ғана бір фанатик емес, терең білімді, байсалды күрескер екенін көрер едік.

Сөзіміз дәлелді болу үшін кітапты шамалап таныстыра кетейік. Кітап: “Ислам дінінің негізі екі нәрсе”, “Дін жаратылыстан ба, жоқ па?”, “Исламды кім бастады?”, “Бастап мұсылман кім атанды?”, “Ислам барлық пайғамбардың діні болған” деген секілді 114 тақырыптан құралған. Мұның әрқайсысында да атеистің пікірін Құран аяттарымен, бүгінгі өмірмен салыстыра отырып өз ойын топшылайды. С.Ғылманидің зерттеуінше, адамзаттың жүзден 98-і әйтеуір белгілі бір дінге сенетін көрінеді. 2 пайызы ғана дінсіз екен. Осы деректі келтіре отырып: “98 пайыз халық өтірікті, негізсіз нәрсені қолдап отыр деу қарапайым ақылға сия ма?” - деп атеиске қарсы сұрақ қояды. Сөйте тұрып: “Жалпы көпшіліктің (өңгіме тек қана қазақ халқы туралы. Н.Қ.) қолдап, айтып, істеп жүргені - ол таза ислам дінінің үйреткен жолы болып табылмайды. Осы себептен моллаларда екі жік болып, айтқан шарифаттары талас тудырып жатады. Ол үшін ислам діні, құран аяттары айыпты емес,

моллалар айыпты”, - деп қайшылықтың шығу себебін ашады.

Құранда бір мың жеті жүз аят ғылымды қызықтырады екен. Онда жәндіктердің тілін біліп, аспандағы жан иелерімен бас қосып сөйлесу мәселелері туралы айтылса керек. Міне, осының бәрін Құранның 114 сүресін түгел талдай келіп, дінді жоққа шығарушыны жоққа шығарған үлкен еңбекке баға беруден аулақпыз, әрине. Бұл жердегі мақсатымыз - тек қана осындай дүниенің /еңбектің/ бар екенін халықтың, оқырман қауымның есіне салу.

Екінші бір үлкен еңбегі - арабша - қазақша сөздігі. Сөздіктің арабшасын хадиммен жазып қаракаларын (асты-үстіне қойылатын белгілерін) толық қойып, ал қазақшасын жәдитпен (арабша төте жазумен) жазған.

Осы еңбегімді бұл қалпында оқып түсіне қоятын адам табыла бермес деп күдіктенсе керек, осынша дүниені ерінбей-жалықпай екінші рет қайта жасап шығыпты. Әуелгісінше арабшасын арабша машинаға бастырып, қараканаларын түгелдей қолмен қойып шығыпты. Содан соң оның оқылуын жақша ішіне кириллицамен жазған. Қазақша мағынасын да осы әріппен жазып шыққан. Мәселен имаһүн ишаралау, ишарамен аңғарту, басын, не қолын, не көзін қозғап білдіру, ашық айтпай нұсқау”, - деп, сөз мағынасын жан-жақты ашып береді. Реті келгенде сөз тіркесіндегі мағынасына да тоқтала кетеді. Осылайша жинақтағанда сөздік қалың-қалың 5 том яғни 980 бет болған. Ал жалпы жасаған барлық сөздігінде 108,208 сөз қамтылған. Мұны “Толықтырғыш” аталатын сөздіктің 8-томының соңына өз қолымен жазып қойған. Әрине, бір адам үшін бұл да аз еңбек болмаса керек. Алайда өкініштісі сол - өліге дейін осы бір ұланғайыр еңбектің шаң басқан архивте жатуы, халық игілігіне жаратылмауы.

Бұлай өкініш білдіруіміздің себебі - араб тіліне деген мұқтаждық бүгінде бұрынғы қай кездегіден де артып отырғаны белгілі. Керек сөзінді тез іздеп табуға қолайлы мұндай арабша-қазақша сөздікті бұрын-соңды көрген емеспіз. Ендеше мұны да көпшілік назарынан тыс қалмауға тиіс еңбек деп білеміз.

Тағы бір қалыңдығы қарыс келетін, мұқият түптелген қолжазбасы бар. Мұнда билер мен шешендік сөздер, ел ішіне ауызша тарап кеткен ақындардың өлеңдері, тарихи адамдардың өмірі туралы деректер, өз замандастарымен алысқан хаттар (кейбіреулері өлеңмен жазылған), енді біразының суреттеріне дейін жинақталған. Барлығы 59 адамды қамтиды. Қолжазба Бапан бидің сөзінен басталады. Енді содан қысқа бір мысал келтіре кетелік. Қанжығалы Бөгенбай батырдың шөбересі Саққұлақ шешеннің шын аты Себелен екен. 1800 жылы туып, 1888 жылы қайтыс болыпты. Қолжазбаның бір бетінде суреті жапсырулы тұр. Бапан бидің осы жақсы көретін баласы - Саққұлақ ауырып қалады. Ал Анай дейтін баласы тым жас екен. Жанқұлақ, Қоңқай дейтін балалары нашар болса керек. Сонда Саққұлақ өліп қалама деп қауіптенген Бапан би Анайды жассынып:

“Көп баланың ішінде Анай да бар,  
Анай атқа мінгенше талай-ды бар.  
Жанқұлақ пен Қоңқайға сенгеніңше,  
Кетпен ал да, көрінді сарайлап ал”, -

деген екен.

Бапан бидің де, Саққұлақ шешеннің де осы тектес бірқатар сөзі жинақталған.

Қанжығалы Есеннен, оның ішінде Жапардан, оның ішінде Боранбайдан Қуат Төңірбергенұлы деген ақын өткен екен. Қуат, сірә, қуатты ақын

болса керек. Өйткені қуат айтыпты деген өлең едәуір баршылық. Бәрі де табан астында, суырып салып айтылған тапқыр шумақтар.

Бірде Қуаттың қолына су құйып тұрған қыз:  
-Аға, қолыңызға су тұрмайды ғой! - депті. Сонда Қуат жұлып алғандай:

“Ағаң жасы алпыстан асып қалды,  
Тісі мұқап, тілдігін басып қалды.  
Көріліктен шаш-сақалға нысан кіріп,  
Басыма ақ көбігін шашып қалды.  
Қайтпаған қара тастан алмас денем,  
Босандап суы қайтып жасып қалды.  
Талғамай алауыртқан аусар жүрек,  
Аптығын о да қажып басып қалды.  
Торғындай үлбіреген-ақ денемді,  
Бұл күнде кемпір сипап, қасып қалды.  
Қолға су құйғанменен қайдан тұрсын,  
Қан кеміп, денеден ет қашып қалды.  
Қарағым назар көзің маған салма,  
Артымда жиырма бес қашық қалды.  
Жақсыға жар табылу қиын емес,  
Сынауың жолсыз шырақ көрі шалды, - депті.

Асаубайдың қағытпалар, Ақан мен Орынбайдың айтысы, Мұқат (Мұхамеджан) Төлеубайұлы туралы баласы Ғалымжан дегеннің жазған өмірбаяндық деректері, Исабек имам, Мұстахим хазірет, Ысқақ хазірет Бердіқожаұлының түс жоруы (өлеңмен жазылған), патшаға қарсы көтеріліс бастаған Шаймерден Қосшығұловтың тарихы (сарғайып кеткен суреті де бар. Оның бетіндегі “родился 1874-г: умер 1932.” деген қара қарындашпен жазылған өшкін жазу бар) зерттеушілердің пайдалануына тұрарлық дүниелер.

Құранға аударма жасап та күшін сынап көріпті. Хадистер мен тәфсірлер туралы жазбалар, діни

сұрауларға қайтарған жауаптары да көлемі жағынан жеке-жеке кітап боларлық дүниелер. Әрине, сапасын анықтау қажет-ақ.

С.Ғылмани бала жасынан-ақ зорлық-зомбылықты әшкерелеп өлең жазумен шұғылданған екен. Сол көне серігін, өлең жазуды өле-өлгенше тастамапты. Соңында екі кітап етіп түптелген 620 бет (машинкамен бастырылған) өлеңі қалған. Араб өлеңдерінен аудармалары да баршылық. “Кәлилә мен Димнаны” о баста осы кісі аударған екен. Өз атынан өзі жасқанып, өзгелерге берген көрінеді.

Әрине, мұның бәрі қалай болғанда да бір адам үшін аз еңбек емес. Әсіресе “арабша-қазақша сөздігі” бір адам емес, бүкіл бір ғылыми зерттеу институты атқаратын жұмыс екені анық. Дәл осы еңбегінің іске аспай, артына қалып бара жатқанына күйінген қарт (қашан жазғаны белгісіз) Ахмед ақсақалға (Қонаевтың әкесі болу керек) хат жазыпты. Ол былай басталады.

“Ассалаума ғалайхим қадірлі халық ағасы Ахмед ақсақал!

Мен Қазақстандағы діншілердің бастығы атанып отырған қази Ғылманұлы Сәкен халпе, замандасыңыз! Сізге арнап екі түрлі жұмысым туралы ақылдасып, ойымдағы мүддемді айтып өтпекші едім. Соны айтуға рұқсат етіңіз Өмір төріне шыққан адамның сөз кемшілігі көп болады. Оған көз жұмып, тек мақсатыма ынталы құлақ салуыңызды өтінемін.

I-мүддем: осы жасап келе жатқан өмірімнің жиырмадан аса жылын үзбей жұмсап, жазып шыққан бір еңбегім болып еді. Ол - араб тілін қазақ тіліне аударған сөздік еді. Соны академия ғалымдарына ұсынбақ болып, төрт-бес жыл әрекет қылып, ақырда өткен жылы президент Есенов жолдасқа апарып, жағдайымды айтып өткен соң, ол жолдас, қабылдап алып, орындаймыз деп

қуантқан еді. Естуімше, оны жолдас Кеңесбаевқа тапсырған тәрізді. Соны, жас болса жетіп қалды, енді аттанатын мезгіл үстінде отырғандығымнан, еңбегімнің бір шетін көріп кетсем-ау деген арманымның аяғы сіздің жағыңыздан аяқталуға себепші боларсыз деген үмітім бар”, - депті. Екінші мүддені өзбек, тәжік республикалары секілді мешітті салықтан құтқаруды өтініпті. Мұның қалай шешілгенін қайдам, сөздіктің жайы сол қалпы аяқсыз қалып келеді. Қысқасы бұл күнде ол туралы жауап беретін адам қалған жоқ. Қызы Әминаның айтуынша С.Кеңесбаев сол кездің өзінде-ақ ондай ғұламаның мұндай ұланғайыр еңбегінен хабарсыз екенін айтып, өзін қуып шығыпты. Соныменен бұл еңбек әліге дейін елеусіз жатыр. Тым болмаса, ендігі жерде осы бір тап-таза ғылыми еңбегін қолға алатын кез жеткен секілді.

*26 қыркүйек, 1993 жыл.*



### ШИЫРЫ МОЛ ҰЗАҚ ЖОЛ, АУЫР ТАҒДЫР

Еліміз тәуелсіздік алысымен-ақ, Халифа Алтай деген есім құрметпен аталып, тез танылды. Алайда бұл кісі әлдекімдерге ұқсап, өзін-өзі насихаттау үшін бағана бас сайын түрлі-түсті суреті мен өмірбаяны басылған жарнама да жапсырып көрген емес. Аса кем сөзді, тұйық мінезді, қарапайым момын кісі. Қазіргі адамдардың жанталасқан жағдайымен салыстыра ойлағанда, тіптен елеусіз-ақ қалатын жан. Сөйтсе де дінге сусап отырған халқы нағыз дін адамын бірден танып, төбелеріне көтеріп әкетті. Халқы сыйлаған ақсақалын /ағасын/ елбасымыз да сыйлап, бірден бауырға тартты. Өйткені бұл кісі /Халифа Алтай/, шиыры мол ұзақ жол, ауыр тағдырды бастан өткерген күрделі тарихы бар адам. Осы күрделі тарихымен алғаш шет жағалап таныса бастаған кезімде-ақ, Құдай өзі кешірсін, тілім күнаһар, егер бұл адамның пенде ретінде күнәсі болса, соның көбін тіршілігінде-ақ өтеп тастағандай сезінгенім бар. Мен сол алғашқы сезімді ешқашан ұмыта алатын емеспін. Ендігі әңгімені содан бастағанымыз жөн шығар.

Екі алыптың ортасында жазықсыз жәбірленген бейбіт ел ежелгі ата қонысы алтын аймақ Алтайын тастап, ауа көшіп Шығыс Түркістанның Құмыл аймағы, Баркөл ауданына қоныс аударады. Мұнда да тыным бермеген соң, 1934-38 жылдар аралығында Гансу, Шыңхай өлкелеріне қарай

босады. Осылайша бұл жылдары осында қоныс аударған қазақтың саны 18 мың екен. Халық, әсіресе ел басшылары мұнда да бас сауғалай алмайды. Ақыры 1940 жылы 5 мыңдай адам Такламакан шөлін басып өтіп Тибет үстірті арқылы Гималайдың құзар шыңдарынан асып, Үндістанға жетіп жығылады. Мұнда да ауа райына көндіге алмай, оба ауруына ұшырап қырылып қалады. Қалған-құтқаны жанбағыстың қамымен Үндістан, Пәкістанның ауылдары мен қалаларына тентіреп кетеді. Осындай ауыр жағдайдан аман қалған халықтың жұрнағын, 1950 адамды жиып алып, Түркияға жеткізіп көздері ашылады. Сөйтіп 1953 жылдан 1969 жылға дейін алды-арты зорға жиналады. Енді бүгін солардың ұрпағы бүкіл Еуропаға тарап отыр. Жалпақ жатқан Қазақстанның басына қиын-қыстау күн туған кезде де сыртта тұрып дауыс көтеріп /“Азаттық радиосы” бар, баспасөзі бар/, әлемнің шартарабына жар салған да солар. Ал Халифа Алтай – осы халықтың 12 жылға созылған ұзақ көш жолының бойында аш-арығына демеу болып, тірісінің басын құрап, өлісінің бетін жасыруға күш салған көш басшы ағаларының қолқанаты, ақылшысы және солардың өмір жолы шежіресінің тұңғыш авторы. Бұған оның “Ана жұрттан Анадолыға дейін” деген қара сөзбен жазылған кітабы мен “Естеліктерім” атты дастаны куә. Мұнда Елісхан затын, Зайып тәйжі, Құсайын қажы, Қалибек, Тәкіман бала Хамза, үлкен Хамза, Дәлелхан, Жаналтай, Солтан, Шәріптер секілді тарихи тұлғалардың ерлік іс, қайсар мінездері мен осы ұзақ жолдың бойында, тау мен тастың арасында, шөл баябанда қатын-қалаш, кемпір-шал, бала-шағаның ұлардай шулаған үні құлағына келсе, қарға-құзғынға жем болып, шашылып жатқан өлігі көз алдыға елестейді. Автор солардың тым құрығанда кейбіреулерінің өлігінің қайда

қалғанын есте сақтау мақсатымен: “Өлгендер Деле зәңгі, Мамыш, Мақай, Қаратай, Сұлтан, Қақаш және Мұқай” – деген сияқты өлең жолдарына түсіріп ұйқасқа келтіруге тырысып отырады. Мұны автордың сұлу сөзден көрі ыс тиіп күптей болып ісіп өлген, әйтпесе қанды көбік құсып өлген, көбінесе өстіп жау оғына ұшып өлген /өйтеуір өлуге себеп көп-ақ/ азаматтардың әруағын сыйлауға ден қойғандығы деп ұққанымыз жөн. Олайы әлгі аталған адамдардың бәрі де /7 адам/ үнді шекарашыларымен алғаш бетпе-бет келген шайқаста оққа ұшқандар екен. Кітапта адресі сайрап жатыр. Мұндайлар баршылық. Соның бірі Нұрдың өлімі. Өлген адамға дүниенің керегі не, қонышындағы пышағын алған Қабылқожаның аузына:

“Қаратып Нұрдың басын қойдым оңға,  
Пышағы керек маған осы жолда.  
Қақайып, тастай болып, қатқан екен,  
Пышағын қоншын жыртып алдым зорға”, –

деп сөз салады. Өліктің қонышын жыртпай-ақ, пышағын суырып алды десе де, күмәнсіз сенгендей едік, ал шынында ақылға салсаң, қонышын жыртпай алу мүмкін емес екен. Міне, өстіп Құдай жаратқаннан өтірік айтуға жазбаған Халифа Алтай шығармаларынан өмірдің өз болмысын қаз-қалпында бейнелейтін суреттерін де көптеп кездестіреміз. Ендеше Халифаның “Ана жұрттан Анадолыға дейін” атты кітабындағы қоғам, мемлекет, жеке адам туралы айтқандарының қоспасыз шындық екені даусыз. Демек, бұл кітап халқымыздың тағдыр желі айдаған бір бөлшегінің шынайы тарихы. Сол себептен де Халифа Алтайға тұңғыш берілген “Алаш” сыйлығы бірден-бір орнын тауып барған сыйлық болды дей аламыз.

Біз бұл жағын қанша айтсақ та, қалай айтсақ та Халифа Алтай ең алдымен діни ғұлама, халқымыздың рухани көсемі. Ол өзінің жасының ұлғайып қалғанына қарамастан еліне осы салада ұланғайыр еңбек сіңіріп келеді. Оның ең бастысы – “Құран көрім және қазақша түсінігі”. Бұл кітап кириллица әріптерімен компьютерде дайындалып, Стамбулдан Мединаға жеткізіліп, сол жерде құрметті король Фахдтың баспаханасында бір миллион дана болып басылып шықты. Мұның 800 мың данасын Қазақстан мен Маңғұлия қазақтарына әкеліп, тегін таратты. Бұдан басқа да “Таңдаулы хадистер” /аудармасы 50,000 дана/, “Құран әліппесі және иманның шарттары” /50,000 дана/, “Сияри Нәби” /Хазірет Пайғамбар ғ.с. өмірбаяны, 25000 дана/, “Илмихал” /діни қағидалар/ т.б. діни кітаптар мен кітапшаларды қазақ тіліне аударып, бастырып Қазақстанның түкпір-түкпіріне тегін таратумен шаршамай-шалдықпай шұғылданды.

Екіншіден, осы Халифа Алтай таратқан құранды тіпті арабша қара танымайтындар да құрметтеп, төріне қоюға құмарланды және мұны парыз санады. Халықтың осындай ықыласын пайдаланып, діни уағыз кітаптарын табыс көзіне айналдырып қалғысы келген саудагерлер мен іскерсымақтар да бой көрсете бастады. Ондайлар бұған тым жедел араласып, қарбытып қалуға жанталасты. Сөйтіп дін туралы да, салт-дәстүр туралы да білетіндерден гөрі білмейтіндер бұрын сөйлеп, жалған “жанашырлық” танытушылар көбейді. Бұлар жөнінде редакцияға жан-жақтан хаттар келіп түсіп жатты. Міне, осы мәселелер төңірегінде де газет ұжымы /“Түркістанның” бүгінгі ұжымы әуелгіде “Заман-Қазақстанды” шығарған болатын/ Халифа Алтайдың көмегіне сүйенді, ақыл-кеңесін алды. Айталық дәл осы тұста Ақ-Бекет деген біреу

“Алланың дүниеге Жаңа сәлемі” деген кітап жазып, оны 1992 жылы “Қайнар”, ПК “Экспресс-печать” баспасы арқылы 150 мың дана етіп бастырып, еркін бағамен сатып, айды аспанға бір-ақ шығарғаны бар. Жұртты дүрліктіргені бұл да емес, “Құдыретті де Жалғыз Алланың елшісімін, мен алғашқы да, ақырғы да емеспін, мен Алла тағаланың жаққан мыңдаған жұлдыздарының бірімін.” /3-бет/, “Бұл жазба - маған келген Алланың ілхамы және оның ырқымен, ей, адамдар, сендерге табыс етемін” /15-бет/ деп көкігені болатын. Бұған біздің діни басшыларымыздың ешқайсысы ләм-мим дей қоймаған кезде Халифа Алтай “Дінімізді саудаға салмайық, ағайын!” деп /“Заман-Қазақстан”/ алғашқы болып мақала жазып, діни әдепсіздікке қарсы шықты. Сондай-ақ “Айтсаң тілің күйеді, айтпасаң дінің күйеді”, – деп, қинала-қинала отырып, 1991 жылы “Жазушы” баспасынан қазақша тәпсірімен /түсінігімен/ шыққан Құран көрімінің арабша мәтінінде кеткен грамматикалық және әріптік қателерді көрсете отырып, “Бетке шіркеу – бейсауаттылық” деген мақала /“Заман-Қазақстан”, І9-маусым, 1992 жыл/ жазды.

Егер біз Халифа Алтайдың сөзіне /уағызына/ шын мәнінде зер салып, құлақ асар болсақ, дін жолындағы күрестің аса күрделі екенін аңғару қиын емес. Мәселен, Үндістанның солтүстігінде, Гималай тауының етегіне орналасқан Пенджаб штатының шығыс жағындағы Қадиян қаласында дүниеге келген /1835 жылы/ Ғұлам Мұртазаұлы /ешқандай діни медресе оқымаған біреу/ Мұхаммед /ғ.с./-ның ең соңғы пайғамбар екенін мойындамай, ағылшын өкіметіне сүйеніп, өздерінің бұзық ниеттерін жүзеге асырады. Мұсылмандарға қыз бермейтін және олардың жаназасына тұрмайтын болады. Сол себепті 1974 жылы І0-маусымда Мекке мұқарамада 140 мұсылман мемлекеті бас қосып; “Қадиянилер

ислам дініне қарсы әрекет жасайтын ағым бола тұра өздерін ислами жамағатпыз деп есептейді. Сол үшін ғұлам Ахмет Қадиянидың жолымен жүргендер қайсы атпен аталса да мұсылман емес”, – деп қаулы алыпты. Сөйтіп мұсылман елдерінің қысымына шыдамаған Қадиянилар Лондонға қоныс аударыпты. Алайда орайы келген сәтті пайдаланып өз істерін жалғастыра береді екен. Социалистік жүйе ыдырағаннан кейін бұларға сондай қолайлы орын Манғұлиядағы Байөлке қазақтары мен Қазақстан болып көрінсе керек. Бұлар дереу ат басын осы екі елге бұрыпты. Міне, осының екеуіне де қарсы шапқан дара батыр тағы да Халифа Алтай болды. Бұған да нақты дәлел келтіре кетелік.

1990 жылы Калим хауыр деген орысша білетін Қадияни Манғұлияға барып, Байөлкеде қадиянилік қоғам құрады. Соны ести салысымен Байөлкенің әкімі Мизамхан мырзамен жалғасып, әлгі ешкімге бой бермей, етек алып бара жатқан ұйымды тараттырады. Ал Қазақстанға келген Қадияниды жетелеп жүрген белгілі жазушымызға “Қадияни ағымы туралы не білеміз?” деп, мақала жазып / “Түркістан”, 6-қыркүйек, 1995 ж./, жайымен түсіндіріп, ағалық ақылын айтқаны есімізде. Бұл қарекет сонымен тоқтады ма, жоқ әлі де жалғасып жатыр ма – бір Құдайдың өзіне ғана мағлұм.

Үшінші бір пара еңбегі батыс пен шығыстағы шетел ойшылдарының ислам діні жөніндегі терең мазмұнды оңды-оңды пікірлерін тауып әкеліп, “Түркістан” газетінің бетінде үзбей жариялап келе жатуы. Мұның өзі ислам дініне түмсығын шүйіретін кейбіреулер үшін үлкен сабақ екені даусыз.

Кешегі асқар Алтайдан ұшқан ақ иық, бүгінгі жасы тоқсанды алқымдап, басы даналыққа толған халқымыздың иман жүзді абызы Халифа Алтай қайда жүрсе де туған халқының тағдырын бір сәт есінен шығарған емес. Мәселен, Түркияда, Иранда,

Ауғанстанда, Еуропада, Орта Азия мемлекеттерінде, Ресейде, Шығыс Түркістанда тұрып жатқан қазақтарды түгелдей аралап, өз көзімен көріп, пікірлесіп қайтқан соң, орайы келгенде Елбасының қабылдауында болып, олар туралы ой-пікірін білдіріп отыруға асығады. Үйіне қайтып оралған соң ұмытып кетпей, бұлай ету де үлкен азаматтықтың, адалдықтың белгісі болса керек.

“Түркістан” газетінің ұжымымен автор және діни кеңесші ретінде жақын араласып келеді. Сонда байқалған бір жақсы қасиеті-білмейтін сұрауына жауап беруге асықпайды және оған жауап іздеп табудан еш ерінбейді. Шамасы келгенше еңбек ете беруді өзіне парыз санайтын діни ғұлама бүгінде жасым ұлғайды деп қарап отырған жоқ. Дүние жүзі қазақтары қауымдастығы жанындағы Халықаралық “Инабат” имандылық тәрбие орталығының төрағасы. Халқыңа деген игілікті ісіңізді жалғастыра беріңіз, халқымыздың рухани абызы Халифа Алтай, өзіңізге құдіреті кәміл бір Алла қуат берсін!

1993

### ЧАН-КАЙ-ШИ; ПАРЛАМЕНТ ЖӘНЕ ОППОЗИЦИЯ

Дүние жүзі қазақтарының бірінші Құрылтайы кезінде сәті түсіп, Дүние жүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының орынбасары Дәлелхан қажы Жаналтаймен әңгімелесіп қалғаным бар. Бұл ұзақ әңгіменің бір үзгі “Заман-Қазақстан” газетінде жарияланған-ды. Содан кейін оны Бейбіт Сапарәлі өзі құрастырған “Дүние жүзі қазақтарының құрылтайы” атты кітапқа да енгізіпті. Мына сөз еткелі отырғанымыз да сол көпті көрген қария, мемлекет және қоғам қайраткері Дәлелхан қажының Чан-Кай-ши, парламент және оппозиция туралы бір үзік сыры.

Дәлелхан қажы 1949 жылы Чан-Кай-ши үкіметі құлағаннан кейін өзіне ерген ел-жұрт, туған-туыстарымен Шинжаңнан кетуге мәжбүр болады. Бұл жөніндегі шытырман оқиға өз алдына бір әңгіме. Ал бұл кісі оған дейін Алтай аймақтық Қазақ ұйымын, денсаулық сақтау мекемесін басқарады. Бұдан соң әскери қызметке ауысып, 1948 жылы қазақ халқы атынан бүкіл қытайлық парламент мүшесі (Гоминдаң үкіметі тұсында) болып сайланады. Сол қызметін табаны күректтей 43 жыл жалғастырған. Бұл — былай қарағанда ақылға симайтын іс. Бірақ шындық солай.

1949 жылы 1 қазанда көзіргі Қытай Халық Республикасы толық жеңіске жетті. Осы қарсаңда



Чан-Кай-ши үкіметі Тайванға қашып тығылды. Бірақ Шинжаңдағы аз ұлттардан сайланған депутаттарының сайда саны, құмда ізі қалмай, тоз-тозы шығады. Соның бірі осы сөз етіп отырған Дәлелхан қажы Жаналтай болатын. Бұл кісі Тибет үстірті арқылы әуелі Үндістанға өтеді. Онда 16 жыл өмір сүреді. Содан соң жылыстай-жылыстай Түркияға ауысады. Кәзір де осында тұрып жатыр.

Қытай Халық Республикасы құрылғаннан кейін мектептерде Чан-Кай-шиді кісі жегіш жауыз, құбыжық етіп оқытатын. Жарты ғасырдан соң, дәл соның депутатымен кездесудің сәті түскен кезде, ол туралы сұрамауға болмады. Сондағы ұққанымыз, өстіп телім-телім болып, дүние жүзінің әр мемлекетіне тентіреп кеткен депутаттарын Чан-Кай-ши жер-көкке сұрау салып, іздестіріп жүріп, жиып алады. Содан соң олардың қай мемлекетте тұрғанына қарамастан айлығын беріп, жиналысына шақырып, жол шығыны төлеп тұрады. Сөйтіп, Дәлелхан қажы Тайванда өткізілген екі реткі президент сайлауына қатынасып, дауыс береді. Оның біріншісі, Чан-Кай-шидің баласы Жаң-Жүңгоның, екіншісі бұдан соңғы президенті Лю-Чан-хуйдың президенттік сайлауы екен.

Осы соңғы сайлаудан кейін Тайванда үкіметке қарсы “Мин Шинжаң” деген оппозиция тобы құрылады. Ол үнемі Чан-Кай-ши мен Жаң-Жүңго үкіметінің ұстаған бағытын, саясатын сынаумен болады. Тайванның дербес мемлекет болып, бөлініп шығуын қалайды. Мұны Тайван үкіметі де, бергі қызыл қытай да (Қытай Халық Республикасы) қолдамайды. Ал Гоминдаң үкіметі болса, әрине, біртұтас қытайдың иесі бізбіз дейді. Өйткені бүкіл депутаттар біздікі. Сол ескі депутаттар әлі жұмыс істеп келе жатыр. Егер қытайдың үлкен құрлығына қайтып барып, жаңа сайлау өткізген болсақ, содан кейін ғана өзгертуге мүмкін. Әйтпесе өзгермейді

деп есептейді. Міне, осы заң бойынша Дәлелхан қажы Жаналтай Тайванда 43 жыл депутат болады. Бұл депутаттарды сайлаған халық Шинжаңда. Оларсыз Тайванның халқы өзгерте алмайды. Өйткені үкімет — баяғы сол үкімет. Ендеше өзгертуге сол сайлаған халықтың ғана құқы бар делінеді. Осы саясат бойынша Чан-Кай-ши үкіметінің де өмірі ұзара түседі. Өйткені бергі қызыл қытайдан барған осындай депутаттардың саны жергілікті халықтан сайланған депутаттардан әлдеқайда көп болады.

Ақыры қарсы күштер айтысып қоймағаннан кейін президент Лю-Чан-хуй бұл мәселені қайта қарап, бұрынғы ұлт өкілдерін (депутаттарын) қызметтерінен өз еріктерімен босауын сұрайды. Содан соң оларға алдын ала 3 жылдың жалақысын төлеуді ұсынады. Көпшілік осы шешімді мақұлдап, 1991 жылы депутаттықтан босайды.

Дәлелхан қажы Жаналтайдың осы ұзақ жылдық депутаттық қызметінде түйгені — Тайван үкіметі бергі қызыл қытаймен демократиялық тәсілдер арқылы бірігуді қалайтын көрінеді. Жалпы халықтық сайлау өткізейік, халық кімді сайласа, соған мақұл болайық дейді екен. Оған кәзіргі комунис басшылар қайдан көнсін! Өйткені халыққа сенбейді ғой. Бұған Дәлелхан қажының мына сөздері көзімізді жеткізгендей болды. “Әлгінде Чан-Кай-ши туралы сұрадың, бірақ жауабын алған жоқсың,— деді сөз арасында ұмытылып бара жатқан жайды еске салып,— парламентін таратып жіберетін, әйтпесе оппозициялық топтағыларын қудалайтын ел басыларын әлемнің әр түкпірінен кездестіруге болады. Ал тоз-тозы шығып, өздігінен тарап кеткен парламент мүшелеріне сұрау салып, жиып алған басқа кімді білесің?”

Екіншіден, демократия деген сол — айталық парламент жиналысына Гоминдаң тарапынан 800—

900 адам келеді. Ал үкіметке қарсы “Мин Шинжаң” тобы небәрі он бір-ақ адам. Солар бізбен айлап-жылдап айтысып жүрді. Әбден жалыққан кезде шыдамы таусылған біреулер: “Немене осылардың былшылын тыңдап, мұхиттың ортасында отырған жоқпыз ба. Мойындарына тас байлап, суға лақтыра салайық!”— деуге дейін баратын. Ондайда Елбасы олардың өзіне қарсы шығып: “Маған не айтсам соны мақұлдап отырған сендерден не пайда? Түн ұйқыларың төрт бөліп, менің қателік-кемшілігімді іздеп тауып, оны жаның салып дәлелдеп отырған олардан айырылып, мен не істемекпін?!”— дейтін. Енді кімдікі жөн екенін өзің ойла! Бірақ Шэн-Ши-Цай мен Чан-Кай-шиді шатастырып алма!”—деп әңгімесін доғаратын ыңғай танытқан еді. Бүгін соны көпшілікке ұсынудың реті келген сияқты.

#### **ЖАБЫҚБАЙ БҮЛҒЫНШЫҰЛЫ**

Әрине, мұндайда кез келген оқырманның “Ол кім еді?” деуі әбден мүмкін. Олай болса, әуелі осы сұраудың жауабына аздап тоқтала кетейік.

“Айқап” журналының дерегіне сүйенсек, Бұлғыншы — Қызай еліндегі көрнекті байлардың бірі, ақалақшы (волостной управитель). Біздіңше болыс. Қазақтың осы болыстық басқару билігін Іле генерал мекемесі 1905 жылдан кейін өзгертіп, 500-1000 түтінге (отбасына) ақалақшы (ахлақ— араб сөзі, адамның мінез-құлқын, пікірін, тәртібін білдіретін психологиялық және рухани қасиеттердің жиынтығы дегенді білдіреді. Бір сөзбен айтқанда, “ахлақ басқарушы), 100 түтінге зәңгі, 50 түтінге елубасы (кейін “күнде” деп аталды), 10 түтінге онбасын тағайындайды. Осы жүйе бойынша Бұлғыншы “ақалақшы” атанған. Бұлғыншының тірі кезінде баласы Жабықбай зәңгі екен.

Ал, “Қызай шежіресі” бойынша Қызай — үйсін руынан шыққан атақты Бәйдібек байдың немере қызы Домалақ енеден тараған ру. Қызай 16 ғасырда жасаған, 88 жасында Семейде дүние салған. Қазіргі Семей облысының Қызылжар деген жерінде “Қызай бейіті” бар делінеді. Тегінде Қызайдың аты Күнбүбі екен. Жұрт “Бәйдібек байдың күндей сұлу қызы қыз-ақ екен” деп жүріп, кейін келе “Қызай” атанып кетіпті.

Найман Шағырға дейін 8 ата болып, Құттыболат үлкен ұлы Шағырға Бәйдібек байдың қызы — Қызайды әпереді. Қызай Шағырдың екінші әйелі болып, Шағырдан Жеңіс (Итемген), Меңіс деген екі ұл туады. Шағыр өлгеннен кейін қайынысы Тоқтарға тиіп, одан Бегімбет, Дербіс деген екі ұл туады. Осы төрт Қызайдың ұрпағы соңғы ғасырдан астам уақыттан бері Қытайдың қазіргі Шинжаң өлкесіне қарасты Іле, Текес өңірін мекендеп, өніп-өсіп келеді.

Қызай — аналар атымен аталған қазақ рулары ішіндегі ең көбі және атақтысы. Тарихи деректер бойынша қызайлар Сырдария бойынан “Ақтабан шұбырынды” кезінде ауған. Бұл туралы халық аузында:

“Әуелі ел ауғанда Қызай ауған,  
Көлінен Итішпестің қайың сауған.  
Қалмақтың шабуылы қан қақсатып,  
Қызайлар тоқтай алмай үріккен жаудан”,

— дейтін мазмұндағы дастан сақталған.

Қызай Тарбағатай өңіріне өткеннен кейін Қытайға бағынышты болады. Оны Тарбағатай амбысы (мәнсап аты. Н. Қ.) сырттай басқарып тұрады. Ал іштей өз аталары Тәңірбердіден — Боқаш, Тілеубердіден — Байеке, Бегімбет. Дербістен — Сасан, Торғайдан — Шіде деген кісілер

болыс болып, Құдайменде төре болып, билік жүргізіп тұрған. Екінші жағынан алғанда, Бұлғыншы — Қызайдың осындай көрнекті адамдарының (тікелей Шіденің) жалғасы. 1912 жылы қайтыс болады.

Жабықбай Бұлғыншыұлы өз тұстастарының ішіндегі озық ойлы, көпшіл, халықшылы екен. Олайы, ел аузында ол туралы мынадай әңгіме бар. Троицкіден “Айқап” журналын шығаруға талпыныс жасағандарға қаржылық жағынан көмек жасауға алғашқылардың бірі болып ниет білдіреді. Бірақ Жабықбайдың бұл әрекетіне (қытай ма, орыс па, бізге беймәлім) шек қойылады. Оның амалын табу үшін Суан Мұқа болыстың қызы Айшаны тоқалдыққа (үшінші әйелі) айттырады. Сөйтіп, Мұқа болысқа қалың беру сылтауымен “Айқап” журналына Қытайда тұрып көмек жасайды. Мұның шындығын дәлелдейтін төмендегідей негіздер бар.

Біріншісі — әкесі Бұлғыншының асы. Бұл асқа “Айқап” журналынан арнайы тілші келген. Тілшінің аты-жөні — Әбутәли Бектүрұлы. Ұлты башқұрт болуы керек. Бұл жөнінде “Айқаптың” 1913 жылғы №12 санында “Қызай елінің ас беру салты” деген көлемді мақала жариялапты. Енді соның кей тұсына назар аударалық. Ол мақаласын: “Бұлғыншы ақалақшының (волостной управитель) опат болғанына бір жыл толғанда ас берді. Асқа 14 болыс ел шақырылып, шақырылмаған халықтың да әрқайсысына келе беруге бір ай бұрын халыққа мағлұм етті”, — деп, астың өту салтанатын бастан-аяқ баяндайды. Сөз саптауына қарағанда бұл тілші Арабия, Түркия, Қазақстан, басқа да Орта Азия республикаларын толық аралаған, жер қадірін білетін адам. Оны ас беретін ауылдың мынадай жерлерін көрген кездегі “Шөлжота, Көгершін, Қайшы деген жерлерден, Майтөбе деген жерге жақындадық. Бұл жерлер сол маңдағы елдің жазғы

жайлаулары екен. Ағаш һәм жердің шөбі адам айтқысыз. Бұл жерлерді көргенде башқұрттардың Орал таулары есіме түсті. Ішімнен егер бұл жерлер бір өнерлі жұрттың қолында болса, қандай болар еді, жердің қадірін білмеген елде бір тиынға аспай жатқаны-ай деп Россияға қараған қазақтардың жерінен айырылғаны есіме түсіп, бұлар да бір күні жерден айрылады деп, көңілім елжіреп қойды”, — дейді. Бүгін соның осы айтқаны айдай келді.

Ол астың барысын қалт жібермей, мұқият қадағалайды. Тарихи деректің мәнін жойып алмау үшін мысалды өз сөзімен келтірейік. “Тәп Бұлғыншы үйінің басында бір ақ ту желменен бір ары, бір бері шайқалып тұрды. Алдымыздан қарсы алуға шыққан кісілер атымызды байлап қалды. Біз есік алдында “Қош келдіңіздер!” — деп, қол қусырып тұрған Жабықбай мырзаға амандасып, “Атаңыз иманды болсын!” — деп үйге кірдік. Біз кірген соң төрт қатын шымылдық артынан жоқтау бастады. Төртеуі бір әнмен. Бұлар жарты сағаттай жоқтау айтқаннан кейін, төрт қыз Бұлғыншы марқұмның әртүрлі жақсылық салтанаттарын айтты. Үй іші лық толған кісі бір сағаттай бұлардың айтқанын тыңдап, ишандардың хан қасында отырғандай әркім басын төмен салып, мүлгіп отырды. Ақырында құран оқылып, дұға қылынды. Содан соң екі кісілеп көтерген дастарқан мен бауырсақ, қант, әртүрлі закуска мен шай келді. Үй зор сегіз қанат. Үш жерге темір кереует орнатып, әрқайсысына жібек кілем жабылған. Шай ішіп отырып шамалап, үй ішінде жиырма мың сомның жасауы бар екен дедім. Бүтін үйдің іші нақыш, безек, жоғарыда түрлі-түсті шымылдық, түрлі-түрлі ішік, түрлі-түрлі түсте мөуіті шапандар ілулі тұр. Төрден есікке дейін әртүрлі қымбат кілемдер төселген.

Шайдан соң бәрімізді он шақты үйге бөліп кіргізді. Жиылған кісі үш мың шамасында болды. Әр екі үйге бір бие, екі қой сойыс берді. Әр үйге екі күнге жетерлік нан, қант, шай, тұз, күріш берілді. Бұларды пісіруші һәм пісіретұғын аспап, бәрі де даяр” (“Айқап”, № 12,272-бет, 1913 ж).

Ас өтіп болғанша бата оқыр, ат шабыс болып отырған, жамбы ату, балуан салу, көкпар тарту сияқты дәстүрлі ойындар өткізілген. Олардың әрқайсысына тоғыз-тоғыздан тігілген бәйге саны да аз емес.

Міне, бұл — Жабықбайдың қатардағы қылдыайран, сасық байлардың бірі емес екендігінің дәлелі. Көзі ашық, көкірегі ояу адам. Сол үшін де ол “Айқап” сияқты қазақ халқының өзекжарды өкінішін паш ете отырып, өнегелі жол көрсетуге талпыныс жасаған журналға көмек қолын созған. Соның арқасында әкесінің асына итарқасы қияннан тілші келіп, тарихи дерек қалдырып отыр.

Екіншіден, Қызай елінде тек байлықпен ғана атын шығармақшы болған Тойеке Қозыбайұлының асы, Нүптебек Сасанұлының асы, басқа да аңызға айналған астар баршылық. Тойеке өлгенде оның әкесі Қозыбайда 5 мың жылқы болыпты. Асқа 300 үй тігіп, 500 бие сойыпты. Бірақ бұлардың ешқайсысының Жабықбай сияқты мектеп салдырып, ара бағып, омарта ұстап, диірмен жүргізіп, монша жасағаны туралы бір ауыз сөз естіген емеспіз. Сондай-ақ, ешкінің қылшық жүнін араластырып, сары балшықтан құйдырған Бұлғыншының күмбезі әлі бар екен деп естиміз. Демек, Жабықбайдың бұл әрекеті де қолындағы байлығын не нәрсеге, қалай жаратуды білмейтін, сауық-сайраншыл байшікештерімізге тарихи сабақ болуға тиіс.

Ас тарап, бір жылдан бері тұрған қаралы ту жығылып, тұлдағы заттар (ел қорғаған батыр,

қадірлі азамат өлгенде істелетін қаралы дәстүр, шаңыраққа қара ту байлап, мінген атын күзеу, қара жамылу, өлген ердің қаралы киім, қаралы аспаптарын жыл уағына дейін тұлдап іліп қою) жиналғаннан кейін ел-жұрты әкесі Бұлғыншының орнына Жабықбай мырзаны ақалақшы етіп сайлайды. “Ата көрген оқ жонады” деген тіптен рас болса керек. Ол Қызай елінің алғашқыларының бірі болып мектеп салдырады. Бұл мектеп Құлжаның солтүстігіндегі Жырғалаң деген сайдың аузында, күні бүгінге дейін “Жабықбай мектебі” аталады.

Бұл кездегі Шығыс Түркістанның (қазіргі Шинжаңның) бастығы Яң Зиңшин өкімет ісін басқарушылардың көбін қытайдан қояды. Ішінара басқарма бастықтары (ғалдай), хатшылары (бақшы) сібе, дағұр, мәнжу ұлттарынан болады. Қазаққа хат көшіретін, бажының есебін жазатын ол кезде молдалық (молда шабармандық) қана тиеді. Ал қазақ арасындағы биліктерін Сыламжан, Әуелхан, Мақсұт, Дарубай, Естемес, Қанатбек, Жабықбай, Мазак, Молдажан, Күнболат, Нұрсапа, Оразхан, Тәлім, Түсіпбай, Шаймардан сияқты Қызай елінің атқа мінерлері арқылы жүргізеді. 1916 жылғы үркіншіліктен бастап, 1933 жылға дейін босқыншылыққа ұшыраған албандар да қиын кезде осы ел жақсыларын паналайды. Әрине, осы аттары аталған азаматтардың барлығы қашқындарға қойнын ашып, қамқорлық жасады десек, өтірік болары сөзсіз. Әртүрлі дәрежеде қысым көрсеткендерінің аттары ата-әжелеріміздің әңгімесінен құлағымызда қалған. Алайда, осылардың ішінде Жабықбайды жағалаған Албанның бағы жаныпты. Қанатының астына алған қашқындарын ешкімге қорлатпаған. Жаз жайлау, қыс қыстауын бөліп берген. Қыз алып, қыз беріп, ақ бата, қызыл қан құда болған. Жабықбайдың осы



жақсылығын көргендердің мен білетін бүгінгі ұрпақтары оның әулеті түгілі итін сыйлайды.

Бұлай дейтін себебім: Жабықбай әулетімен біздің елдің тамыры тереңге кеткен байланыстары күні бүгінге дейін үзілген емес. 1962 жылдары Кеңестер Одағы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы келісім бойынша, Кеңес азаматтары Отанына қайтуды бастағанда Фатих Омарұлы Жабықбаев (Шығыс Түркістан ұлт-азаттық армиясының капитаны) әке-шешесі, отбасымен Алматыға келіп қоныстаныпты. Әке-шешесі де, өзі де, жұбайы Фарида жеңгеміз де (әйелдерді босандыратын білгір дәрігер болатын) осында қайтыс болды. Балалары бар. Інісі Мансұр Омаров — Қазақ ұлттық техникалық университеті, “Мұнай-газ” факультетінің “Мұнай-газ кендерін игеру және пайдалану” кафедрасының меңгерушісі. Ол өткен жылы тұңғыш рет мемлекеттік тілде техника ғылымдарынан докторлық диссертация қорғады. Қазақстан мұнайының 100 жылдық мерейтойына орай шығарылған “Қазақстан мұнай энциклопедиясы” (Астана — Лондон, 1999 ж.) кітабына енген мұнайшы, “Ерен еңбегі үшін” медалінің иегері.

Осы Мансұрдың туған ағасы Жапар Омарұлы Жабықбаев та қытай қазақтары ішінен шыққан көрнекті тұлғалардың бірі болатын. Отыз неше жылдан кейін 1984 жылы Кеңес-Қытай шекарасы ашылысымен Қытайдағы қазақтардың алғашқы қарлығашы болып, жыл құсындай Алматыға ұшып жеткен де осы Жапар марқұм еді.

Ал, бүгінде Құлжада тұратын Абылай Жабықбаев та ондағы-мұндағы халқымен жүрегі, өнері арқылы жіпсіз жалғасқан ел-жұртына танымал үлкен азамат. Он шақты күй, әлденеше ән шығарған сазгер.

Міне, осының бәрі де әкелі-балалы Бұлғыншы мен Жабықбайдың Алты алашты алаламайтын азаматтықтарынан, сөйтіп бір қиырда жатып екінші қиырдағы “Айқап” журналына жәрдем қолын созуынан деп білеміз.

2000 ж.

### **ЫБЫРАЙЫМ ЖАЙНАҚОВ, РАЙЫМЖАН МӘРСЕКОВ**

Тарихшы ғалым Кеңес Нүрпейісов, “Алаш һәм Алашорда” атты кітабында Алаш қозғалысына мүше болғандар мен тілектестердің санын 273-ке жеткізіпті. Бұл жерде мүшенің саны нақтылыққа жақындауы мүмкін. Ал тілектестер санын цифрмен көрсетуге келе қоймас. Алайда, біз осылардың (аты-жөні белгілілердің) өзін танып-біліп болдық па? Әрине, жоқ. Өйткені өз кезінде олардың алдында қандай-қандай келелі мәселелер болғанын, оған кімнің қалай қарағанын, біліктілігі мен белсенділігін, т. б. біз енді-енді ғана аңғара бастағандаймыз. Соның ең бастылары патшаға қара жұмысқа бала беру-бермеу; 1916 жылғы үркіншілікте жер ауып кеткендерді қайтару және оларға әлеуметтік көмек көрсету, жалпы қазақ съезін шақырып, мемлекет басқаруды реформалау ісі болды. Олардың бұл мәселелерді шешу жөніндегі көзқарастары әртүрлі, мақсаттары біреу-ақ еді. Ол — қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғау. Енді солардың елеулі жұмыс атқарып, елеусіз келе жатқандарының ішінен ойға алғаш қозғау салған екеуі туралы пікір білдіруді жөн санадық.

**Біріншісі — Ыбырайым Жайнақов.** Бұл кісі жөнінде жас кезімде үлкендердің аузынан жиі естуші едім. Кейін тіптен ұмытылған болатын. 1991

жылдың 31 желтоқсаны күні күтпеген жерден астанамыздың 6-ықшам ауданында, Абай мен Саин көшелерінің қиылысындағы аялдамада, Омар Ыбырайымұлы Жайнақов деген жалпақ сары кісімен танысып қалдым. Сұрастыра келсем, сол баяғы “Қытай үкіметі ұстап әкетіп, жоғалтып жіберді...” деп жүретін Ыбырайым Жайнақовтың бел баласы екен. Өкініштісі — әкесі туралы тым аз біле ме, әлде айтқысы келмеді ме — өте қысқа әңгімеледі.

Ыбырайым Жайнақов 1884 жылы Алматы облысының Боралдай ауылында туыпты. Ержеткен кезінде генерал-губернатор Фольбаумнің (неміс) іс жүргізушісі болады. 1917 жылы осы күнгі Райымбек — Сейфуллин даңғылдарының қиылысындағы түрмеге жабылады. Сол жылы оны атуға үкім шығарылады. Бірақ бір орыс досының көмегімен қашып шығып, Шәуешекке өтіп кетеді. Онда екі жыл тұрып, Құлжадағы бажасы Фатих Аллаяровке барады. Сөйтіп соның саудасын жүргізеді. Өйткені ол — Құлжадағы алты шеркеттің (одақтың): Зәкіржан Сабыров, Ғылаждин Тәжідинов, Низами Фатихоллин, Ғадилша Тұхфатуллин, Блиновтардың (орыс) бірі болатын.

Сәл әлденген соң Текес ауданының Көктерек деген жеріне келіп, диірмен салып, сонда тұрады. Осында жүріп ол 1932 — 33 жылдары Кеңес өкіметінен қашып өткен қазақтарды жұмысқа орналастырады. Шешекке қарсы егу жұмыстарын жүргізеді.

Арып-ашқандарына көмек қолын созады. Осы жылдары Ыбырайым Жайнақовтың үйінде Нарынқолдан қашып өткен кәдімгі ақын Көдек Байшығанұлы Маралбаев та болыпты. Оның сондағы айтқандарынан:

“Жасасаң біздің Совет  
жасатады,

Баласы әкесіне тас атады.

Февраль қыс айында

съезд ашып,

Халыққа қатқан боғын

асатады”, —

деген өлең жолдары жас бала Жайнақов Омардың есінде қалыпты. Омардың бұл сөзінің жаны бар. Ол (Ыбырайым Жайнақов) ұсталардан 4-5 жыл бұрын Маңғұлкүре ауданында Әнбен (әкім) болыпты. Жасы жүзге келіп, 2001 жылы Алматыда қайтыс болған Әбутәліп Нұрбекұлы: “Өзі төре тұқымды еді. Қарғалыда туған. Ол Маңғұлкүредегі Әнбен кезінде: “Албан бұзылса қызылбөріктен, айт бұзылса, сүйіндіктен”, — дейді екен бұрынғылар. Кейін бәйсейіт бәрінен де қу болды. Сұраншы, Ілгідай, Мұхамед, Итаяқтың Хасеніне қызылбөрік пен сүйіндік астар бола алмай қалды”, — деп отыратынын әңгімелейтін. Жайнақов туралы біздің ауылдың әйелдері арасында да әңгіме бар болатын. Әлдекімдердің кейбір мінездеріне қарап: “Құдай бір Ыбырайым Жайнақовты берді ғой!” — дейтіндерін жиі еститінбіз. Сонымен қатар әкесінің 1938 жылы ақпанның 28-і жексенбі күні, күндізгі сағат 12 кезінде Гоминдаң түрмесіне алынғанын да ұмытпапты. Әкесі сол кеткеннен қайтпаған. Ал кейін Ғабди Сайболатов дегеннен естуінше, оны 1941 жылы Үрімжі түрмесінен Семейге алып кеткен.

Тарихшы Мәмбет Қойгелдиев “Әлихан Бөкейханов” деген көлемді мақаласында ұлт азаттық қозғалысының Кеңестік шеңберіне тоқтала келіп, Ыбырайым Жайнақов туралы: “Бұл орынды пікірге қосыламыз, съезд сонымен бірге қырғыз және қазақ елдерінің бұрыннан келе жатқан өзара ынтымақтастығын тағы да бір сыннан өткендігінің көрінісі болды. Қытайдан қайта оралған босқын

қырғыздарға көмек ұйымдастыруда ұйтқылық міндет атқарды. Қазақ интеллигенциясы қырғыз еліне көмек көрсетуде тек саяси актімен қанағаттанып қоймай, нақты көмекке мұқтаж халықтың ауыр жағдайын кішкене де болса өзгертуді мұрат тұтқан нақты шараларды іске асырды. Бұл ретте ең алдымен И.Жайнақов (Ыбырайым — ред.) бастаған Жетісу облыстық Қазақ комитетінің еңбегі ерекше бөліп айтуға лайық“ (“Әлихан Бөкейханов”, 73-бет), — деп жазды. Сондай-ақ “Қазақ” газетінде (1917 жыл, № 236) Пржевальск уездік Қырғыз комитетінің төрағасы И.Арабаев, халқына үндеуінде Ы.Жайнақовқа тәңір жарылқасын айтып, Алаш деп аяныш білдірер әлі талай жайнақовтар шығатынына сенім артады.

Жалпы қазақ съезіне келетін 43 депутаттың ішінде Ы.Жайнақов 31-інші, Райымжан Марсеков 21-інші болып тіркеледі.

**Екіншісі — Райымжан Мәрсеков.** Ол 1878 жылы Шығыс Қазақстанға қарасты Айыртау болысында дүниеге келіпті. Санкт-Петербургда оқып, Заң факультетін бітірген. Адвокат. Арғы атасы Сасықбай теріс-таңбалы Найманның атақты адамы екен. Ол кісінің Тағай, Шоңай, Боғай, Көжекбай, Тұтқыш деген ұлдары ішінен сүт кенжесі Мәрсек атақты болыпты. Мәрсектен — Райымжан, Шерияздан. Ал ең бір назар аударатын нәрсе — қазіргі Қытай Халық Республикасының атақты цирк жұлдызы Ботакөз Ақыпқызы сол Шериязданның немересі екен. Осы бір дарынды өлеттің бұлайша шашылып кетуінің сыры әркімге-ақ белгілі шығар. Ендігі сөз Райымжанның өзі туралы болмақ.

“Түркістанның” 1996 жылғы 18-24 қыркүйектегі санында Әсет Найманбаевқа байланысты 1918 жылы Шәуешек қаласында түсірілген бір ескі фото сурет жарияланған еді. Сол суреттегі бір топ

адамның жұртшылыққа танысы — Міржақып Дулатұлы, Ахмет Байтұрсынов. Қош, бір күні Алматыдағы Ішкі істер бас-қармасының демалыс үйінен Омарбек Қайсаұлы деген қарт адам телефон соғып, осы сурет пен мақалаға қатысы бар адам екенін айтты. Барып танысуыма тура келді. Байқап отырсам, бұл кісі соғыс, еңбек ардагері және Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген мәдениет қызметкері екен. Қазір жасы 75-ке келіпті. 1973-1983 жылдар аралығында Шығыс Қазақстан облыстық “Дидар” (бұрынғы “Коммунизм туы”) газетінің бас редакторы болыпты. Өзі жоғарыда аталған атақты Сасықбай әулетінен. Сасықбайдың алты ұлының екіншісі — Шоңайдың шөбересі, анығырақ айтқанда, “Алаш Орда” партиясы көсемдерінің бірі Райымжан Мәрсековтың аталас туысы екен.

Райымжан Мәрсеков 1910-1914 жылдар аралығында отарлық саясаттың ұлттық езгісінен өбден есеңгіреген қазақ халқын құтқару жолында Алаштың бір туар азаматтары Барлыбек Сырттанов, Мұхамеджан Сералин, Бақытжан Қаратаев, Жанша Сейдалин, Серәлі Лапиндермен тізе қоса отырып, тез арада жалпы қазақ съезін шақыруды белсене жақтайды. Сол үшін оны Орынбор жандармериясы генерал-губернаторы Бабич қырына алады. Рас, осы съезді шақыру-шақырмау, 1916 жылы қара жұмысқа бала беру-бермеу мәселесі жөнінде де Алаш зиялылары әртүрлі көзқараста болғаны мәлім. Ал оның қайсысынікі дұрыс, қайсысынікі бұрыс еді. Оған әлі тарихи тұрғыдан тұжырымды баға берілген жоқ. Мұны болашақ зерттеуші тарихшылардың үлесіне қалдыра тұралық.

Омарбек кәрияның айтуынша, Р.Мәрсеков Семей облыстық Алаш партиясының құрамына еніп (Р.Мәрсеков, Х.Ғаббасов, Ә.Ермеков, И.Әлімбеков, А.Қозыбағаров, М.Малдыбаев,

Б.Сәрсеновтар бар), облыстық қазақ комитетінің төрағасы болып қызмет етеді. Сол жылдары Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, А.Байтұрсыновтармен қоян-қолтық араласады. Қытай ауған қазақтардың жоқтаушысы болып, шекара аттауларына тура келеді. Ендеше, әлгі “Түркістан” газетінде жарияланған суреттегі А. Байтұрсыновтың сол жағында отырған папакты кісі Садық Аманжолов, М.Дулатовтың оң жағында отырған мұртты кісі Райымжан Мәрсекөв болуы керек деп жорамалдайды. Сөзінің жаны бар сияқты. Өйткені үзеңгілес, дәрежелес төртеуі ортада құрметті орында отыр. Қалғандары осы төртеуін қоршай орналасқан. Мұны бір делік.

Екіншіден, Омарбектің өз әкесі Қайса қарапайым, сауатсыз шаруа адам болыпты. Әлдекімдердің: “Алаш көсемдерінің бірі, көдімгі Райымжан Мәрсекөвтің туысы”, — деген көрсетуі бойынша 1937 жылы қолға алынып, қайтып оралмапты. Осы тосқауыл екінші дүниежүзілік соғысқа қатынасып, тізесінен қан кешіп келген Омекеннің алдынан да 1956 жылға дейін сан рет шығыпты. Әйтеуір сәті түскен кезде айтылып қалған Шаяхметовтың бір ауыз сөзімен зорға құтылса керек.

Патшалық Ресей тұсында қазақ халқы құнарлы жерінен, білім алу мүмкіндігінен, ұлттық мүддесін қорғау құқынан айырылды. Бұл, әрине, ең алдымен қазақ зиялыларының жанына батты. Сөйтіп, әрқайсысы қолынан келгенінше қаракет жасап баққаны енді-енді беті ашыла бастаған тарихымыздан белгілі. Сондай жанкештілікпен өткізілген Семей облыстық қазақ съезі ұйымдастыру комитетінің төрағасы Райымжан Мәрсекөв болады. Бұл съез көкектің 27-нен мамырдың 7-не дейін он күнге созылады. Міне, осы съезде Р.Мәрсекөв ұзақ баяндама жасайды. Ол

1919 жылы 14 көкектен бастап Семей облыстық Жер басқармасының төрағасы қызметін атқарады.

Осындай қат-қабат саяси жұмыстарға араласа жүріп, халықтың рухани мәселесін де ұмытпайды. Қазақ әдебиеті тарихына шолу жасап, оны алғашқылардың бірі болып дәуірге бөліп, талдап (бірінші жазу-сызудан бұрынғы ескі заман, екінші, жазу пайда болған кезден Абайға дейінгі, үшіншісі одан кейінгі), баяндама жасап, мақала жазады. Р.Мәрсековтің бұл мақаласы “Қазақ” газетінің 1915 жылғы 15-19 наурызындағы сандарында жарияланады...

Кейін “Алаш” партиясы қуғындалған тұста Р. Мәрсеков те қытай асып бас сауғалайды. Бірақ Кеңес өкіметінің ұзын құрығынан құтыла алмайды. Білетіндердің айтуынша бұл да Семейдің қанды түрмесінде қаза тапқан сияқты.

Ойымызды жинақтай келгенде, жоғарыда нақтылы саны келтірілген 273 “Алаш Орда” көсемдері, мүшелері мен жанашырларының қай-қайсысы да кезінде жанын шүберекке түйіп жүріп халқына, ұлтына қызмет еткен және сол жолда құрбан болған арыстар. Солардың ішінен Ыбырайым Жайнақов пен Райымжан Мәрсековті теріп алып, мысалға ғана (бұл екеуінің ұлан ғайыр еңбегін сөз етіп, баға беруге, шынын айтқанда шамамыз келмейді) келтіріп отырмыз. Осы арқылы айтпағымыз — бүгінгі кейбір көзі тірі азаматтарға көше аты беріліп жатқан тұста (кешіріңіздер, оларды қызғанғанымыз емес), алдымен осындай арыстарымыздың аруақтарын түгендеп алғанымыз абзал болар еді-ау деген ой.



## БҰҚАРА ТЫШҚАНБАЕВТЫҢ ХАЛҚЫНА ҚАЙТА ОРАЛУЫ

Қытай мен Кеңестер Одағы арасындағы отыз жыл бойы сіресіп қатып жатқан көк мұздың көбесі сөгіле бастаған кез. Бірақ, ашылған жікті жалғаудың қисыны келмей тұрғаны белгілі болатын. Осындайда дәнекерлікке, айналып келгенде, әдебиет пен өнерден қолайлы ештеңе болмай шықты. Ең алдымен ана ел, мына елдегі ақын-жазушылардың шығармалары алмасылып, өртүрлі басылымдар да жариялана бастаған-ды. Дәл осы тұста қытай қазақтарының әдебиеті мен өнері туралы там-тұмдап хабар-ошар жазып, өлең, әңгімелерін крилицаға түсіріп, қазақ газет-журналдарына тартып, әңгімелер жинағын құрастырып: (“Сәлемдеме”, ”Жазушы” баспасы, 1989 ж.) жүрген кезім еді, М. Мағауин шақырып алып, “Жұлдызға” Шинжаң қазақ әдебиеті туралы шолу мақала жазып беруімді өтінді. Тәуекел деп келістім. Қолымдағы ескілі-жаңалы деректерге қарап көрсем: сол сөз еткелі отырған Шинжаң қазақ әдебиетінің ірге тасын қалаушылардың бірі де, бірегейі де өзіміздің Бұқара Тышқанбаев ағамыз екен. 1953 жылы Шинжаңда жарық көрген тұңғыш әдеби журнал “Шұғыланың” Бас редакторы, тұңғыш қазақ киносы “Хасен-Жәмиланың” авторы, алғашқы қазақша оқулыққа енген жазушы (“Төлеметтің кесірі”, әңгіме), көптеген лирикалық өлеңдер жазған ақын...

Осы көп қырлы қаламгер Бұқара Тышқанбаевтың артында қалған мұрасы “Аманатт атты кітабының алғы сөзін жазған замандас, үзеңгілес інісі Қабдеш Жұмаділов: “Кім ойлап тапқаны белгісіз, “көрші елдің көңіліне келеді-міс” деген сылтаумен Шинжаң өмірінен жазылған шығармаларға қатаң шек қойылды”, - деп,

бөріміздің шығармашылық жұмысымызға орны толмас зардабын тигізген жайды өкіне еске алыпты. Дәл осы қолға кісен, аяққа тұсау болған идеяның миыма сіңіп қалғаны соншалық жоғарыдағы “Жұлдыздың” тапсырмасымен жазып отырған мақаламның кей тұсында Бұқараны атап өтуге мүмкін болмағандықтан жұқалап қана атап кеткен болатынмын.

Сөз орайы келгенде айта кеткен артық болмас, сөйтіп отыз жыл сірескен мұздың көбесін тағы да Мұхтар Мағауин бұзды. Көлемнен де қыспай, сөзіме де тиіспей, “Телағыс” деген атпен үш баспа табақтан артық мақаламды жариялады. Онда Шинжандағы көптеген ақын – жазушылардың аты-жөндері аталып, шығармаларына қысқаша сипаттама берілген еді.

Осыдан соң көп кешікпей, үйге түп-тура Бұқара ағаның көшірмесі сияқты жас жігіт келді. Ол – үлкен ұлы Мәнел екен. Әкесінің аты аталмай ұмытылып бара жатқан кезде, бірқатар еңбегін атап, қайта жаңғыртқанымға рақмет айта келіпті. Бұйымтайы – алда 70 жылдығының таяп қалғандығы екен.

Әрине, бұл мен шешетін жұмыс емес. Оның үстіне ол кісінің бұл жақта жарияланған шығармалары да шамалы. “Азамат” атты повесі, “Жыр бесік” атты өлеңдер жинағы, облыстық театрда қойылған “Махаббат пен мансап” атты пьесасы ғана. Рас ұйғыр әдебиетінің көшбасшыларының бірі, қанды көйлек досы Зия Сәмәдидің “Майымхан” романы, тағы біраз әңгіме-повестерін қазақшалағаны бар. Бұған, Қабдеш айтпақшы, ағамыз өзінің кім екенін, қайдан келгенін өлі де ашық айтып үлгермегенін қосыңыз. Жылымық болғанымен, тоң ери қоймаған. Амал жоқ, баланың көңілін қалдыра алмай, “бастықтарыма айтып көрейін” деп, шығарып салдым.

Айтуға уәде берген соң айтпауға болмады. Ақыры Жазушылар одағының хатшысы Әкім Тарази ағамыздың бас терісінің кеңдігін пайдаланып, алдына кіріп, бар жайды бүкпесіз баяндадым. Әбден тындап болған соң: “Егер “Хасен-Жәмила” филімін таба алсақ, ұялмай тойлауға болар еді”, - дегенге тоқтады. Ұзын сөздің қысқасы, ол филіmnің бір данасы Мәскеудің архивінде жатқанын, 2 дана етіп көшіртіп алу үшін екі мың сом (ол кезде бұл 4 мың АҚШ доллары) қажет екенін білді. Содан соң комиссия құруды тапсырды. Ақылдаса келгенде қаржы мәселесін шешуді Сейдәлім Төнекеев ағамыз (ел-жұртын ескере отырып) мойнына алды.

Не керек, Әкім Таразидың Мәскеумен жақындығының және ерінбей-жалықпай іздеу салуының арқасында фильмнің екі дана көшірмесін алдырдық. Алайда, алдырғанға дейінгі мына жайды айтпасам, ішіме сиятын емес.

Мәскеуге сөйлесуге өз шамам келмейтін болған соң алдыға Әкім ағаны салдым да отырдым. Өйтпесек, дерегі шыққаннан кейін де киноның қолға оп-оңай тие қоятын түрі көрінбеді. Уақыт таяп қалды. Содан соң бастығымның алдына бір күнде екі-үш рет кіріп, Мәскеуге телефон соқтырғаным есімде. Соңғы рет бетіме қарап отырып-отырып: “Нұрқасым, осы секретарь мен бе, сен бе? Бұл сенің өз жұмысың емес пе! Бүгін мені көп жұмсадың ғой!” - деп жұмсақ жымиды. Денем мұздай боп, суып кетті. Бірақ түбі қайырлы болды.

Фильм қолымызға тиген соң: “Жиын соңынан “Хасен-Жәмила” киносы көрсетіледі” деген хабарландыруды беріп кеп жібердік. Күткеніміздей-ақ жұрт Жазушылар одағының мәжіліс залына лық толды. Жасыратыны жоқ, көпшілігі аржақтан келген ағайындар еді.

Алдын ала келісілгеніне (дайындықтың мұқият жүргізілгеніне) қарамастан кино қойғышымыз табан астында табылмай кино қоятын жердің есігі ашылмай қалды. Мен хлорофос тиген шыбындай тызалақтадым. Әкімде тіл жоқ. Ақыры халыққа кино-таспа салынған қорапты көрсетіп, кешірім сұрадық. Сол жұмбақ, маған өлі жұмбақ. Алайда ел-жұрты туған жері Шонжыда 70 жылдығын айтарлықтай атап өткен болатын.

Міне, бүгін, оған қарағанда, құдайға шүкіршілік етуімізге болады. Енді ешкім де ол кездегідей: “Бұқара не жазып, не тындырып еді?”- деген сұрауды қоя алмайды. Артында қалған “Аманаты” кітап болып, халық қолына тиді. Қабдеш Жұмаділовтың осы кітапқа жазған алғы сөзі бойынша: “Жазушының әр жылдары жазылған өлең-дастандарын, әңгіме, повестерін, пьесалары мен киносценарийлерін іріктегенде екі томнан асып жығылады” екен. Бұл көлем нағыз көркем шығарма үшін шынында да аз дүние емес. Енді соның ішінен қазірше қолымызға тигені “Аманатқа” аз аялдайық.

Кітаптың алғашқы бөліміне әр жылдары жазған әңгімелері мен “Азамат”, “Лау” атты повестері, екінші бөліміне өлеңдері мен “Елім-ай!” атты тарихи дастаны, соңғы бөліміне пьесалары топтастырылыпты. Әңгімелерінің біркатары жазуға жинаған деректері, ойлары, эскиздері сияқты. Енді олардың бұл жаққа қажетсіздігін байқаған соң, архивке тастай салған сыңайы бар. Соның өзінде бірінің астарынан повестің, екіншісінің астарынан романның басы қылтияды. Алайда, сол шала қарпылған шағын штрих күйінде бүкіл қоғамдық, саяси-әлеуметтік жағдай, адамдардың мінез-құлқы, ішкі сезімдері өте айқын, дәл көрініс табады. “Байқап тұрсаңыз” деген әңгімесінде ауыл атқамінерлері туралы: “Үкіметтен сескеніп болса да қол астындағы елге адалдық көрсете ме десек,

барып тұрған шоқығыштар солар. Түк таппағанда біреудің оқудағы баласын босаттырып беретін болып, сол үйдің бір-екі елтірісін алып кетеді”, - деп жазады. Бұл - 1948 жылғы ол жақтағы (қызай еліндегі) жағдай. Ал, мұнда мүлде керісінше, баланды оқуға түсіремін деп алып кетеді екен. Ендеше бұл жақтағы оқырманға бұлай жазудың не керегі болмақ? Әрине, кісі күлерлік сенімсіз нәрсе. Бірақ шындық. Әсіресе, ана қоғам мен мына қоғамның айырмашылығын салыстыру арқылы түсінуге, білуге таптырмайтын шындық. Бірақ “коммунизмге” төте бағыт алмаған. Алайда феодализмнің көрпесін аша кетуге жарап тұр. Оған сол тұста баспагерлерді иландыру да қиын еді. Оның үстіне бұл тиым салынған тақырып. Демек, жазушының осындай негізгі құрылған сюжет-желілерін ары қарай дамытып жазбай, архивіне тастай беруінің сыры осы болса керек.

Десек те, ойлы жазушының қаламынан шыққан жалғыз сөйлем де өзінің мәңгілік мәнге ие екенін көрсетіп тұр. Сағынып, аңсап кездескен досына қалтқысыз ақтарыла бір сыр шертесің. Адамның ең бақытты шағы сол. Бүкіл тіршілігіміз тек осындай минуттарды қолға түсіру үшін сияқты...”,- деген сөйлем осы ойымыздың дәлелі.

Өзімен араласы бар адамдардың әртүрлі мінез-қылықтарын қағазға айна қатесіз дәл түсіретін де шеберлігі бар екен. Жазушының мұндай қасиеттері көбіне-көп деректі әңгімелерінен көрініс тауыпты. Айталық, Құлжадағы Білім жұрты аталатын іргелі мектепте Әсейін Жақсылықұлы деген мұғалім болды. Бұл кісі өзін кезінде Ташкенттегі Орта Азия Университетінде үш жыл оқып, білім алып қайтқан, берісі қызай елінің, арысы Шығыс Түркістан қазақтарының ең алғашқы зиялысы санайтын. Сол Әсекең туралы әңгімесіндегі: “Өй, бұл Күнесте, тіпті күллі қызайда қанша оқыған азаматың бар еді, мені

танымай қалатындай, ә?” - дегенінен-ақ Әсекең өзін білетіндердің көз алдына келіп тұра қалады.

Бұқара ағамыздың жазушы-драматург екенін білгенмен керемет ақын екенін осы жолы “Аманатты” оқып отырғанда білдім. Бүйтіп, түстен кейін “Америка ашуымаң таңғала көрмеңіздер! Бұған менен көрі Бұқара ағаның аса шыдамдылығы мен сыпайылығы да “кінәлі” сияқты. Олайы, дәл Қажытай Ілиясов болу барлық ақынның қолынан келе бермес, дегенмен дарынға аз да болса, лепті мінез керек екеніне көзім жетті. Құдай-ау, мынадай шумақтарды жазып алып, қалай ондаған жылдар бойы жамбасының астында сақтап жүре берген десеңіз ше!? Отыз жылдық балалық, жастық шағы өткен жермен қоштасып, енді туған жеріне аттап өткелі тұрған сәтіне арналған “Екі жол түйісінде” деген өлеңін:

“Таусылып, бізді ұзатып әкелген жол,  
Токтады жанға батқан әсермен мол.  
Қолы боп туған елдің ендігі жол,  
Созылып ұшын берді әкемдей ол”, -

деп бастайды. Осының өзінде қаншама қуаныш, қаншама қимастық - қырқысқан ауыр сезім, адам, жер тағдыры жатыр.

Сөйтіп ақын келесі бір “Жыр кетті” деген өлеңінде:

“Достармен бақылдасып аттанғанда,  
Сөзімді айта алмаймын батқан жанға.  
Ол тұрмақ ажырасқың келмейді екен,  
Тау мен тас, жер менен көк аспаннан да”, -

деп жалғастырады әлгі ойын. Осының бәрі ақынмен тағдырлас бізге өте ауыр әсер етеді.

Бір қызығы ақын өзі осы сәтке:  
“Тұрпанда, жүрмін, Тұрпанда,  
Құмын аптап қуырған.  
Қарқарада тусам да,  
Тағдыр осы бұйырған.  
Адамның басы Алланың,  
“Добы” дейді көп пе екен?!”  
Сонша жырақ ал менің,  
Басымды неге тепті екен?!” -

деп, зарығып жүріп қолын зорға жеткізген болатын.  
Ал енді оны да қоя алмай тұр.

Көрдiңiздер ме, адам өмiрiнiң қаншама шытырман, шырғаландарға толы екенiн. Ақын, соның бәрiн өстiп өлеңiмен шынайы өрнектеп отырған.

Осылайша ауыр да жеңiл, алыс та жақын өмiр тауқыметiн көп көрген ақын:

“Ел жоқта ер еңбегi төленер ме,  
Ер жоқта ел даңққа бөленер ме?!  
Ел iшi ер жiгiтке алтын бесiк,  
О, тағдыр, менi елiмнен бөле көрме!” -

деп тiлейдi. Бұл ары кетiп, берi кеп, өмiрiнiң көбi елiн, жерiн аңсаумен өткен ақынның соңғы тiлегi. Былайынша тiлегiне жеттi де, былайынша жетпедi. Жеттi дейтiнiмiз - туған жерiнен топырақ бұйырды. Жетпедi дейтiнiмiз - жан дүниесiнiң алауы өз кезiнде жарқырап көрiнбей, iшiнде жанып кетiптi. Бiз оның жарығын дер кезiнде көрмей қалыппыз. Егер өз уағында дем берiп, желпи бiлгенде, яғни шығармалары күнделiктi баспасөзде жарық көрiп, оқырман назарына iлiгiп отырғанда, ақынды мұншалықты кеш танымайтын едiк. Оның есесiне:

“Дүниенің иесі де, күн тұрағы,  
Бар өмір солай қарай ұмтылады.  
Өзен боп аққан судың күдіреті,  
Тарыдай тамшылардың ынтымағы.  
Немесе:  
Бесік - Ана,  
Бесік - Отан,  
Сұқтанба!  
Адам үшін мұнан асқан құт бар ма?  
Сол бесікке әлди болып бөленген,  
Абай, Жамбыл, Құрманғазы,  
Мұқтар да”, -

деген сияқты философиялық терең мәнге ие және бірде-бір қалыпты сөз тіркестерін бұзбай, еркін ұйқастырылған, әрі қарапайым, әрі түсінікті өлең шумақтары талай-талай оқырманның жадында жүрері күмәнсіз шындық еді.

Осындай кең тынысты ақынның дарынын одан ары танытатын тағы бір кесек туындысы – “Елім-ай!” - атты тарихи дастаны. Мұның қамтитын кезеңі қазақ тарихындағы кәдімгі “Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама” дәуірі. Ал, бір қызығы, ақын осы дастанындағы бас кейіпкерлері еркек-шора болып, бұла өскен апалы-сіңлілі екі қызға (“Қос шораға”) прототип етіп жұбайы Сара (Сарқыт) пен балдызы Шараны алған сыңайлы. Бұдан ақын ұтпаса, ұтылмаған. Олайы алыс тарих, жақын өмірге айналып, қыз мінездері әрі таныс, әрі жарасымды шыққан. Автордың осы дастанын жұбайы Сара Таңжарыққызына арнауы да осы себептен болса керек.

Мәселе онда да емес, дастанның көркемдік орындалуының жоғарылығында. Ақын өзіне етене жақын, таныс кейіпкерлердің мінез-құлқын, іс-қимылын өте айқын да жарқын жасай алған. Ақын



кейіпкер жігіттің үлкен Шорамен оңаша қалған сәтін:

“Бола алмай жігіт те онша оған батыл,  
Келеді сөз де таппай “орамға тіл”.  
Ұзаса қастарынан тентек “Шора”,  
Қысылып қипақтайды одан бетер”, -

десе, дәл осы қыз бен жігіттің алғашқы табысу мен қоштасуы қабат келген қысылысты кезеңдегі сезімдерін:

“Кезінде қайталанбас өмірдегі,  
Тәтті үміт тілге оралмай көңілдегі.  
Атылып бір-біріне қадала алмай,  
Ұшқындар жуасыды көзіндегі”, -

деп дөп басады.

Дастандағы шапқыншылық дәуірдің сұрқай көріністері де ешқандай жасанды сөз, әлеміш бояусыз-ақ, жүрек сыздатардай әсерлі беріледі. Көштен адасып кеткен “Қос шораның” жай-күйін:

«Танымайды бір таудың етегінде,  
Азық артқан түйе бар жетегінде.  
Елсіздіктің үрейі жаудан жаман,  
Біле алмай тұр байғұстар не етерін де”, -

деп суреттейді. Шынында да “елсіздіктің үрейі жаудан жаман”.

Қорыта айтқанда, акынның өзіндік стиль ерекшеліктеріне: біріншіден, “Малтыққан әлсіз самал қалың шөпке” деген секілді өрі қарапайым, өрі бейнелі тіркестерді өлең жолдарына бұзбай енгізу; екіншіден, шумақтың алғашқы екі жолындағы айтылған жайды, соңғы екі жолмен философиялық байлам жасап, түйіп тастап отыру тән. Мәселен:

“Күм санап бір байбатша отырады,  
Кей-кейде сен ол үшін арланасың,-

деп алады да, содан соң оны, -

Мейлі арлаң, мейлі арланба, айналдырып,  
Келгенде өзің соған жалданасың!” —

деген секілді.

Өкініштісі, ақынның осындай дарынды шығармаларының өз уағында оқырманымен табыса алмай, сарыжамбас болып ұзақ жылдар бойы жатып қалғандығы және пышақтың қырындай боп, қолына су құя алмайтын біреулердің қырнауымен шыққан “Жыр бесік” кітабына “Елім-ай!”- сияқты дастандарының енгізілмеуі.) Ақынның 65 жыл өмір сүруі Алланың жазуы шығар. Алайда осындай жағдайда кейбір әріптестерінше күйгелектеніп, азып-тозбай өмір сүруіне таңғалдым. Таңғалдым да, әкесі Таңжарық пен сүйген жары Бұқара сияқты тағдырлары ұқсас, жолдары ауыр екі ақынның артындағы ауыртпалығын бірдей арқалап жүрген Сара жеңгемді еске алдым. Әсіресе Бұқара ағамызға Мәнел, Тельман сияқты ұл, Мәнсия сияқты қыз сыйлап, өмірдің анау-мынау қоқсығын таңғы желдей аңқылдаған ақ көңілімен жуып-шайып, тазартып, сергітіп отыруының арқасы екеніне көзім жетті. Міне, Бұқара қайтыс болғалы 18 жыл. Сара жеңгем әлі соның аманатын орындау жолында жүгіріп келеді.

2002 ж.

## АЛАСАПЫРАН ЗАМАННЫҢ АРЫСТАРЫ

*(Сүттен ақ, судан таза болса да, оларға қара күйе жағылды)*

Сонау алпысыншы жылдардың бас кезі болатын. КазГУ-дің филология факультетінің I-курс студентіміз. Кафедра меңгерушісі, профессор Бейсенбай Кенжебаев кабинетіне оңаша шақырып алып, А.С.Пушкин атында үлкен кітапхана бар екенін, онда сирек кездесетін кітаптар қорында ертеректе араб әрпімен басылған көптеген еңбектер жатқанын, олардың ғылым үшін аса қажет екенін, соларда не бар, не жоқ екенін байқап көруімді тапсырды. Содан соң қолыма өзі қолын қойып, мөр басқан кафедраның тілдей анықтама қағазын ұстатты. Жіберген адамына жолығып, ары қарай шұқынып іздене бастағанда көзімнің жеткені — кілең Алашорда арыстары шығармаларының ізіне салып жібергені болды. Демімді ішіме алып, аш кенедей кадалып оқуды, картотека жасауды қолға алдым. Мағжан Жұмабаевтың “Шолпан” журналындағы “Шолпанның күнәсі” дейтін әңгімесін де сонда оқыдым. Осы күнгі белгілі ғалым-сыншы Рымғали Нұрғалиевпен де сонда таныстым.

Бақсам, біз, Бейсекеңнің байқап жүрген, ал Рымғали Нұрғалиев пен Мұхтар Мағауин баптап жүрген шәкірті екенбіз. Әсіресе, Мұхтар Мағауин сол тұстың өзінде-ақ “Абай және шығыс әдебиеті”, “Абай шығармаларының текстологиясы” деп аталатын зерттеу еңбектерін жазып, өз сөзімен

айтқанда: “Бейсекеңнің канатының астында жүрген” кезі екен. Ал мені байқайтын себебі: шеттен келген жаңа адаммын. Оның үстіне 1942 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Скворцов, хатшы М.Әбдіхалықов қарсылығына қарамай М.Әуезовтің “Абай” романын жарыққа шығарып жіберіп, баспадағы Бас редакторлық қызметінен қуылыпты. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармалары туралы диссертация қорғағаны үшін “буржуазияшыл-ұлтшыл ақынның адвокаты” деп қараланды. Осындай айып тағып сынаушылардың бірі де, бірегейі де кезіндегі ҚКОК-нің хатшысы, философ Н.Жандилдин екен. Осы хатшының сынынан кейін Бейсекеңе қарсы тағы бір науқан басталған сыңайлы. Сөйтіп ақыры 1953 жылы КОКП қатарынан шығып, жұмыстан босап, көп азап көріпті. Дәл осы жылдары сол Н.Жандилдин (ҚКПОК-нің идеологиялық хатшысы) ҚазГУ-ге келіп, лекция оқитын. Соның бірінде: “Алдағы жылдардан қазақ мектептерінде 7-сыныптан бастап, барлық сабақ орыс тілінде жүргізіледі. “Үнің, үнің, үнің-ай” дегізбей, домбыраны құрту керек”, десе керек. Студенттер арасына өрт шалғандай тараған осы хабардан шошығаным соншалық, маған осы бір аласа бойлы қара сұр кісі келіп кеткенше ҚазГУ жапырылып қалатындай көрінуші еді. Ал Бейсекеңе бұл кез тіпті ауыр тиген болу керек. Өйткені енді-енді ғана қатарға қосылып келе жатқан кезінде Алашорда көсемдерінің бірі Ә.Ермековтың Сұлтанмахмұт туралы естелігін кітапқа кіргіземін деп, он жылдан кейін Қазақстан Компартиясының хатшысы М.С.Соломенцевтің қаһарына тағы да ілініпті. Онысы С.Торайғыровтың 70 жылдық мерейтойына орай дайындаған ақынның екі томдығы екен. Осы кітабының ұсталып қалғаны жөнінде құлағымызға да сыбырлай сөйлеп, іштей

қатты азаптанып жүрді. Ақыры бұл кітап төрт жылдай кешігіп, 1967 жылы “Жазушы” баспасынан жарық көрді. 1963 жылы Жоғары партия басшысының өмірімен жөргегінде тұншықтырылып, жадыға туралған осы кітаптың бір данасы сол кездің ұғымынша жұрт көзіне күйелі ағаштай көрінетін Бейсекеңнің жанкешті шәкірті М.Мағауинде сақталыпты дегенді енді ғана естіп жүрміз.

Мұхтар Мағауинді неге Бейсекеңнің жанкешті шәкірті дейміз? Енді соған тоқталалық. Бәрімізге белгілі Шәкәрім қажы Құдайбердиев 1958 жылы СССР Бас прокуроры тарапынан “Шәкәрім атына кір келтіретін деректер жоқтығынан толық ақталған” болатын. Соған орай 1963 жылы 3 желтоқсанда Шәкәрім Құдайбердиев мұрасын бағалау үшін “Қазақ әдебиетінің даму заңдылықтарын зерттейтін” ғылыми-координациялық кеңес пен М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының ғылыми кеңесі бірігіп мәжіліс өткізіп, онда С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ә.Тәжібаев, М.Базарбаев, Ы.Дүйсенов, С.Қирабаев, Ә.Нұрпейісов, т.б. сөз сөйлейді. Ақын мұрасын халық қазынасына айналдыру қажеттігі туралы белгілі жазушылар Ә.Әлімжанов пен Ә.Нұрпейісов “Литературная газета” бетінде мақала жариялайды. Алайда нақтылы іске тағы да М.Мағауин барып, ақынның өмірбаянын жазып, өлеңдерін орыс тіліне аударып, “кемелденген социализмнің” кезінде, 1978 жылы Ленинградтан басылған “Поэты Казахстана” жинағына шығарып жіберді. Ал бұл үшін ешкім оның бетінен сүйген жоқ-ты. Өйткені Шәкәрім мұраларына онымен де жол ашылмай, 1988 жылға дейін елу жыл бойы жабулы жатты. Ал бұған дейін жарық көргені: “Шәкәрімнің халық бірден қабылдаған, жыр етіп айтып, көшіріп оқыған, бірақ

кешеуілдеп, кітап бетін 1924 жылы ғана көрген, оның есесіне ақын өлімінен соң, 1935 жылы қайыра жарияланған (баспаға шығарған Бейсенбай Кенжебаев) ең елеулі еңбектерінің бірі — А.Пушкиннің “Дубровский” повесінің өлеңмен жасалған аудармасы” екен. (М.Мағауин, “Ғасырлар бедері”, 279-бет). Мұны — бір делік.

**Екінші**, профессор Темірғали Нұртазин қазақтың атақты жазушысы кәдімгі Сәбит Мұқановтың шығармашылығы және қазақ кеңес әдебиетінің бірсыпыра мәселелері туралы “Жазушы және өмір” атты монография жазып, оны 1960 жылы “Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиеті” баспасынан— кітап етіп шығарған болатын. Кейін бізге С.Мұқановтың өмірі мен шығармашылығы туралы осы кітабының негізінде дәріс оқыды. Сол кітабында: “Совет дәуірінің бастапқы жылдарында жұрттың бұрын еті үйренген поэзияны жиып қоя тұрып, тек қана революцияны жырлайтын жырды жасау керек деген көзқарас болды. Осы ұмтылыс Сәбит творчествосында да күшті болғаны байқалады. “Өмір мектебінің” екінші томында (“Әдебиетке партизандық жүрмейді” деген тарау) жазушы Петропавлда өткен әдебиет кешіндегі оқиғаны баяндайды. Клубта жас әдебиетшілер өлеңдерін оқымақ. Зал толған кісі. Күні бұрын губерниялық милицияның бастығы Уғар Жәнібековпен келіскен С.Мұқанов “Алашорда” ақыны Мағжан Жұмабаевты үндетпей қойып, ұзақ уақыт өзінің өлеңдерін оқиды. Гуілдеп қобалжи бастаған залды Уғар Жәнібеков ақырып мылтық кезеп тиып тастайды. 1923 жылы Орынборда байшылдарға ымырашылдармен қарайтындар “Алашорданың” жетекшілерінің бірі А.Байтұрсыновтың 50-ге толуын тойламақ болады. С.Мұқанов жұмыскер факультетінің студенттерін ертіп барып, шіріген картоп лақтырып, жиналысты

ыдыратып жібереді”, — деп жазады. (“Жазушы және өмір”, 12-бет).

Содан соң оған: “Осының бәрі жан-жақты дамып, жетілмеген қазақ қауымының Совет дәуірінде талай қиындыққа ұшырай, балаша арандай өскенін аңдатады”, — деп өз ойын қосып, сөз соңын жақауратып қояды.

Профессордың түпкі ойын осы жазғанынан-ақ аңғару онша қиын емес-ті. Әйтсе де ауызекі сөзінде (лекциясында) Уғарды да, Сөбеңнің әдебиетке келу жолын да жеңіл өзілдеп күліп алып, ол тұста қағазға түсіруге болмайтын жайттарды әңгімелеуге көшіп кететін. “Космополит” (патриотизм сезімінен айырылған, өз отаны мүдделерінен қол үзген, халқына жат, оның мәдениетіне жат адам) деген кінә тағылып, ұзақ жыл тартқан көп азаптан жаңа ғана құтылып, есін жиып, етегін жаба бастаған ғалымнан сол кезде, бұдан артық не күтуге болар еді?

**Үшінші** бір есімнен шықпай келе жатқан жайт. Шәкәрім қажының баласы Ахат ақсақалмен кездесуім. 1977 жылы “Жалын” альманағының проза бөлімінің меңгерушісі едім. Семейдегі Абай мұражайынан бір тосын хат келіп түсті. Тосын дейтін себебім: хаттың ішінде сары қағаздан қолмен жасалған тілдей конвертке салынған екі-үш сөйлем шағын хат шықты. Онда: “Ардақты балаларым! Мынау үш әңгіме Л.Н.Толстойдың өкем аударған шығармалары еді. Егер лайық көрсеңіздер Л.Н.Толстойдың мерекелі күніне арнап бассаңыздар! Егер баспасаңыздар, өзіме қайтарыңыздар! Почта ақысын өзім төлеп алайын. Ахат” — деп жазыпты.

Ол жіберген әңгімелер: “Криз патшаң (өлеңмен аударылған), “Үш суәл” (Ахат өзі осылай жазған), “Асархидон-Лаэли” деген. Өз басым ол кезде

мұндай тақырыпта жазылған терең философиялық мәнге ие шығарма оқып көрген емес едім, тәнті болдым. Бірақ жариялата алмадым. Ахат ақсақалдың тілегін орындап, қайта жіберуге де қимай, өзімде сақтап жүрдім.

Ол кезде біз Жазушылар одағының (бірінші қабаты) есіктен кіргендегі сол қол жақтағы екінші бөлмеде отыратынбыз. Бір күні ұзын бойлы, ат жақты, ерекше бітімді егде кісі сәлем беріп, кіріп келді. Бәріміз орнымыздан тұрып, қол беріп амандастық. Маған әр саусағы бір-бір бөренедей болып көрінді, буындары шор-шор екен. Таныса келе, Ахат ақсақал екенін білдік. Аудармаларын жариялай алмасак та (келер жылы Л.Н.Толстойдың 150 жылдығы аталуға тиіс болатын) қауқалақтап, жылы сөйлеуге тырыстық. Содан соң біздің де жағдайымызды түсінген болуы керек, қолжазбаны жіберген себебін түсіндірді.

Осыдан бірер жыл бұрын Семейде Абайдың 130 жылдығы аталып өткен болатын. Бұл кісі сол жолы Д.А.Қонаевпен кездесіпті. Кездескенде де өзі сұранбаған. Өзін күтіп тұрған халықтың арасынан машинасымен өтіп бара жатып, Қонаевтың көзі бір ерекше бітімді ұзын адамға түсіп қалса керек. Қасындағылардан: “Ана кісі кім?” — деп сұрайды. “Шәкәрім қажының баласы” дегенді естіп, қасына шақырып, машинасына отырғызып алады. Жолшыбай жағдайын сұрайды. “Шәкәрім қажыға қатысты бір жапырақ қағаз болса, жия беріңіз! Уақтысы келгенде керек болады”, — дейді. Сөйтіп, халықпен кездесу үшін келесі бір тоқтаған сәтінде, машинадан Ахат ақсақал да бірге түседі де, қайта барып қасына отырудан ұялып, бөлініп қала береді. Міне, содан кейін-ақ көп ұзамай, жергілікті басшылар шақырып алып, Абай мұражайының директоры етіп тағайындапты. Содан соң өшкен үміті қайта жанып, осы қағаздарды редакцияға



жолдауға бел байлапты. Әңгіме соңында кетуін өтініп едім, ол кісі тілегімді қайтарған жоқ. Сол қолжазба мен хат менде әлі сақтаулы. Әрине, айтайын дегенім бұл емес, осы арқылы сол кездегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Д.А.Қонаевтың Алаш арыстары туралы ниеті мен мүмкіндігін аңғарту.

**Төртінші** айтайын дегенім, Серік Шәкібаевтің “Үлкен Түркістанның күйреуі” атты кітабы туралы. Бәрімізге белгілі бұл автор “Ұлы Отан соғысының алғашқы жылдарынан бастап отыз екі жыл бойы Мемлекеттік қауіпсіздік органдарында қызмет істеген” адам. Кітап осы жұмыс орындарының деректеріне сүйеніп жазылып, 1968 жылы “Жазушы” баспасынан басылып шыққан. Найзасының ұшында атақты түрікшіл М.Шоқай. Бұл кітап одан кейін де орыс, қырғыз тілдерінде шығыпты. Осылайша ұзақ жыл толықтырылған, өңделген нұсқасы сексенінші жылдардың бас кезінде қалыңдығы қарыс-қарыс екі папка болып, баспаға тапсырылыпты. Баспа мұндай жауапты дүниені Жазушылар одағына талқылатып алатын. Сол салт бойынша бұл қолжазба әуелі проза секциясының кеңесшісі Д.Досжановтың, кейін екеуміз жұмыс ауыстырған кезде менің сейфіме түсіп, бір-екі жылдай жатқан болатын. Өйткені бұл кітапты қайта басып шығаруға баспа да, талқылатуға Жазушылар одағы басшылары да құлықсыз еді.

Автор ақыры қоймай жүріп талқылатты. Бұл, жаңылмасам, 1988 әлде 1989 жылдың күзі. Кеңестің төрағасы Сафуан Шаймерденов болатын. Әлі есімде, жиналыс сондай салқын, көңілсіз басталды. Сөйлеушілердің бәрі де кесіп-пішіп ашық айтпағанымен, бұл кітапты шығаруға қарсы екендіктерін емеурінмен болса да білдірісіп жатты. Бірақ оған автор қанағат қыла қойған жоқ. Керісінше, деректерінің ақаусыз екенін, бәрін де

Қауіпсіздік органдарының архивтерінен алғанын айтып, ұзақ сөйлеп отырып алды. Осындайдағы бір шыдамсыз әдетіме басып (сүйекке біткен мінезді канша рет басыңа тисе де қоя алмайды екенсің) оқыста: “Секе, манадан бері осы жұрттың сізге айтып, түсіндіре алмай отырғаны — сол сіз сүйеніп отырған деректердің сенімсіз дүниеге айналып бара жатқандығы емес пе”, — деп қалайын. Серік сөзін кілт тоқтатып, мелшиіп отырып қалды. Айтуын айтқанмен, менің де шекем қызбаған болуы керек, ойымды дамыта алмай, тілімді жұтып қойдым. Өйткені, атыса-шабыса жүріп, тірі болсам бел асып кетермін дейтін жерде емес, төрт керегелі тас үйдің ішінде отырғаным есіме түсті. Тек, Сафуан ағамыз: “Нұрқасым дұрыс айтады” деп, ойымды ары қарай тарқатып әкеткенде барып, есімді жидым. Өйткені ол кезде, сәл жылымық жүріп, өйтіп-бүйтіп қыңыр бала секілді мінез көрсете бастағанымызбен, бұл мекеме (КГБ) әлі тірі болатын. Сонымен көп ауыз бірігіп, бір ауызды жоқ қылды да, қолжазбаны авторына қайтаратын болып қаулы алды. Бірақ Серік “көтере алмаймын” деген сылтаумен (Қараби Мұханбетқалиев деген жігіт келіп алады деген еді, ақыры ол да келіп алмай қойды) қолжазбасын тастап кетті. Ең соңында почта арқылы жіберіп “құтылғанбыз”.

**Бесінші** мәселе, Кеңестік тоталитарлық жүйенің тас босаға, тар есікке сүйенген саясаттың өккілігі мен аярлығы жөніндегі нүктені Елбасымыздың өзі қойғандығы. Бұлай дейтін себебіміз, ол “Егемен Қазақстан” газетінде (16 қаңтар, 1998 жыл) жарияланған “Жадымызда жатталсын, татулық дәйім сақталсын” деген еңбегінде 1987 жылы Шәкәрім қажының шығармашылық мұрасын зерделеу жөнінде қолбіндік орталық комитет халыққа көз қылып комиссия құрып алып, соңынан не істегені туралы: “Маған комиссия

мүшелеріне жұмысты кем дегенде бір жылға созу қажет, ар жағында тағы көре жатамыз, уақыт өзгерер, ақтау шешімін шығарудың, керексіз болып қалуы мүмкін дегендей жасырын тапсырма бергені жақсы мәлім”, — деп жазды. Сөйтіп Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов және басқа куғын-сүргінге ұшыраған ақын-жазушылардың ақталуына жол ашылғанына тоқталады. Бұл — осыдан ширек ғасыр бұрын Ахат ақсақалға айтқан Д.А.Қонаевтың: “Шәкәрім қажыға қатысты бір жапырақ қағаз болса, жия беріңіз! Уақтысы келгенде керек болады” — деген сөзінің дұрыстығын еріксіз еске салады.

— Демек, Алаш арыстары біз үшін о бастан-ақ адал, сүттен ақ, судан таза болғанымен, олар қараланған. Қаралағандар Кеңес өкіметінің лидерлері мен тоталитарлық жүйенің идеологтары. Оны Қазақстанда жүзеге асырғандар — Федор Голощекиннің Колбинге дейінгі аталған жүйенің басыбайлы құлдары мен қарғылы төбеттері. Ал одан ақтаған — уақыт. Біз, бүгін, сол уақыт ішінде жоғалтқандарымызды іздеп табушылармыз. Олайы, бұған дейін қаншама ақ ниетті лауазымды адамдар, зиялылар, халық Алаш арыстарын ақтау жөнінде ауық-ауық ниет білдіріп, талпыныс жасап келгенімен, одан еш нәтиже шыққан жоқ-ты. Керісінше, зиян шегіп келгені анық. Ендеше, тоталитарлық жүйенің бұл зымиян саясаты үшін “біз ақталуға, кешірім сұрауға” тиіс емеспіз. Егер бұлай етсек, бар кінәні өз мойнымызға алып, тоталитарлық жүйені ақтап шыққанымызды аңғармай да қаламыз. Сондықтан, қазақ зиялыларын жақыннан білмей тұрып айтылған сөзге ойланбай елігуге болмайды.

1999 ж.

## Мазмұны

|   |    |
|---|----|
| “Шипагерлік баянның” Қазақстанға таралуы . . . . .        | 3  |
| Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы бар қазақтың мақтанышы . . . . . | 7  |
| Қазаннан тарап, қазаққа қызмет еткен . . . . .            | 15 |
| Осы жұрт Ғылманиды біле ме екен? . . . . .                | 20 |
| Шиыры мол ұзақ жол, ауыр тағдыр . . . . .                 | 32 |
| Чан-Кай-ши: Парламент және оппозиция . . . . .            | 39 |
| Жабықбай Бұлғыншыұлы . . . . .                            | 42 |
| Ыбырайым Жайнақов, Райымжан Мәрсеков . . . . .            | 49 |
| Бұқара Тышқанбаевтың халқына қайта оралуы . . . . .       | 56 |
| Аласапыран заманның арыстары . . . . .                    | 66 |

Қазыбек Нұрқасым

## ТАСАДА ҚАЛҒАН ТАРЛАНДАР

*Танымдық мақалалар*

Редакторы *А. Естен*

Техникалық редакторы *Т. Суранова*

Компьютерде көркемдеген *Г. Сәрсенбаева*

Компьютерде терген *Ә. Омарбаева*

Басуға 10.04.2003 қол қойылды. Пішімі 70x100<sup>1</sup>/<sub>32</sub>.  
Офсеттік қағаз. Шартты баспа табағы 3,0. Шартты бояу  
көлемі 3,3. Есептік баспа табағы 3,0. Таралымы 2000 дана.  
Тапсырыс № 523.

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және  
қоғамдық келісім министрлігінің “Білім” баспасы,  
480009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Тапсырыс дайын диапозитивтерден басылды.



ЖШС РПБК «Дәуір», 480009, Алматы қаласы,  
Гагарин даңғылы, 93.

Тел.: 42-36-31, 42-07-90, E-mail: rpikdair@nursat.kz